

БЕНЗИН «БЕЗГЕГІ»

Бұл өзі тұмау секілді бәле. Тап береді де көпке дейін қызуы түспей тұрып алады. Жанармай нарығындағы ахуал қазір тұра сондай. «Ыстығы көтеріліп», жұртты әуре-сарсаңға салды да қойды. Дегенмен бұл – қолдан жасалатын дерт.

Олай демеске шара жоқ. Энергетика министрі Қанат Бозымбаевтың жанармай нарығында қалыптасқан жағдайға берген түсінігі мынадай: қыркүйек пен қазанда бензиннің бір литрі 147-148 теңгеден 152-155 теңгеге көтерілген.

(Жалғасы 3-бетте)

БҰЛ «ДЕРТКЕ»



ДАУА БАР МА?

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Зайнидин ҚҰРМАНОВ,
Қырғызстан Жогорку Кенешінің
бұрынғы төрағасы:

ҚЫРҒЫЗ ХАЛҚЫНА РЕНЖІМЕҢІЗДЕР!

«Атамбаевтың мұндай мәлімдемелеріне құлақ үйреніп қалғанымен, ертеңгі күні бізге зияны тиіп кетпесе екен деген тілек бар. Өткен жолы АҚШ-та өткен президент сайлануына қатысты да орынсыз пікір білдірді. Сол себептен оның бұл сөзіне байланысты қырғыз халқына ренжімеңіздер! Бәрі қалпына келеді. Жуық арада жаңа басшы сайланады. Қазақ пен қырғыздың бір-біріне деген көңілі баяғыдай. Біз тек көршілес жатқан ел емеспіз. Біз бауырлас елміз».



АПТАНЫҢ САУАЛЫ

КӨМІР «ЖЫРЫ-2»



Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Премьер-Министр:

«Өңірде көмір өндіріледі. Бірақ шақырымға созылған кезек. Ерлан Жақанұлы, не болды?»

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Премьер-Министр:

«Ерлан Жақанұлы, сіздің айтуыңызша, сонда оған тұрғындар кінәлі ме? Олар бұрын қазанда алатын, қазір қыркүйекте қамданған. Солай ма?»

Ерлан ҚОШАНОВ,
Қарағанды облысының әкімі:

«Өткен жылдары жергілікті тұрғындар қазан айы бойы көмірді сатып алатын. Биыл жылыту маусымы 27 қыркүйекте басталды»

Ерлан ҚОШАНОВ,
Қарағанды облысының әкімі:

«Көмір ұзақ жатып қалса, сапасын жоғалтады. Сол себептен ешкім ерте алмайды. Біздің жүргізген сараптамамызға сәйкес, жыл сайын қазан айында алады. Бұл жолы ертерек басталды. Жағдай тұрақталады»

(Үкімет отырысынан)

БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent) 56,79



RUB 5,80

DOLLAR 335.54



EURO 396.14

COM 4.91



АЛТЫН (ун.) 1296,60

СУЫТ ХАБАР

Шахтадағы жарылыс

Қарағанды облысындағы «Арселор Миттал Теміртау» АҚ-на тиесілі шахтада күні кеше жарылыс болды. Оқыс оқиға салдарынан алты адам зардап шегіп, барлығы ауруханаға жеткізілді.



Аталған компанияның баспасөз қызметі хабарлағандай, зардап шеккендерге қажетті медициналық көмек көрсетілуде. Осы оқиғаға қатысты тергеу амалы жүргізіліп жатыр. Еске сала кетейік, осыған дейін 31-ші тамыз күні Қарағанды облысы Шахтинск қаласындағы кен орнында төтенше жағдай орын алды. Жарылыс кезінде шахтада 136 адам болған.

4

ҒАЛАМТОРДА
ТАРАТЫП,
ТЕМІРТОРҒА
ҚАМАЛДЫ

«ҚАРА
АЛТЫНҒА»
ҚАРАП ҚАЛМАЙ

6

ЖАҢҒАҚ
ЖАБЫРҚАТПАЙДЫ,
ЖҮГЕРІ ЖҮДЕТПЕЙДІ

7

ӘНМЕН
БЕРІЛГЕН
БЕЛГІ

8

on the web
JASQAZAQ.KZ

(Толығырақ 3-бетте)

БИЛІК



БОЛАШАҚҚА БАСТАЙТЫН

Елбасы бұл жетіде мемлекеттік тілді латын қарпіне көшіру жөніндегі жобаны іске асыру үшін құрылған жұмыс тобының мүшелерімен кездесті. Мемлекет басшысына қоғамдық талқылау барысында келіп түскен ұсыныстарды ескеріп әзірленген, қазақ тілінің латын қарпіне негізделген бірыңғай стандартының жобасы ұсынылды.

Қазақстан Президенті мемлекеттік тілді реформалау рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы маңызды мәселенің бірі екенін атап өтті. Мемлекет басшысы «Бұл күндері қазақ тілінің жаңа әліпбиіне байланысты мәселе қоғамда қызу талқылануда. Оған көп адам қатысты. Латын қарпіне көшу туралы идея біз тәуелсіздік алған кезден туындаған болатын. Қазақ жазуының латын қарпіне көшуі әрдайым менің айрықша бақылауымда болды», — деді. Осы ретте Елбасы латын қарпіне көшу үдерісінің тарихи мәні бар екеніне тоқталып, бұл мәселені бірлесе шешу қажеттігін айтты. Әлемде ешбір ел өзінің жаңа әліпбиін бүкіл халық болып осылайша талқылаған емес. Біз үшін әрбір адамның пікірін білу маңызды. Латын қарпіне көшуге байланысты Президент әкімшілігіне 300-ден астам өтініш келіп түскен. Елбасы жастардың бұл үдерісті қолдағаны қуантатынын атап өтті.



ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ ЛАТЫН ҚАРПІНДЕ ЖАЗЫЛУЫ

№	Жазылуы	Дыбыс-талуы	№	Жазылуы	Дыбыс-талуы
1	A a	[a]	17	N' n'	[ɲ], [ɲʲ]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[oʲ]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[q]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[g]	23	S s	[s]
8	G' g'	[gʲ]	24	S' s'	[ʃ]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[ç]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[ɨ], [ɨʲ]	27	U u	[ʉ]
12	J j	[ʒ]	28	U' u'	[ʉʲ]
13	K k	[k]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[ɯ]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[ɯʲ]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

ҚАДАМ

ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыру қажет» — деді. Қазақстан Президенті бұл реформа басқа тілдердің дамуына нұқсан келтірмей, азаматтардың құқығын бұзбауға тиіс екеніне ерекше тоқталды. Қазақ тілінің латын қарпіне көшуі орыс тілді азаматтардың құқығын, орыс тілі мен басқа да тілдердің мүмкіндігін шектемейді. Себебі орыс тілінің кирилл қарпіне қолданылуы өзгеріссіз қалады. Ол бұрынғыдай қолданыста болады. Жаңа әліпбиге көшу қазақ тілін меңгеруді жеңілдетеді. Латын қарпіне көшу күрделі шаруа. Сондай-ақ оның мақсаты тілімізді дамыту және оны әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару үшін жағдай жасау болып табылады. Елбасы, сондай-ақ, жаңа әліпбиді білім беру жүйесіне енгізу үшін мұғалімдер мен әдістемелік базаны дайындау қажеттігін айтып, үкіметке оны кезең-кезеңімен енгізу жөніндегі жоспар әзірлеуді тапсырды. Мемлекет басшысы қазақ әліпбиін реформалауға қолдау білдіріп, оны іске асыруға белсенді атсалысқан барша отандастарымызға, ғалымдар мен тілтанушыларға алғыс айтты.

(Өз тілшіміз)

Байланыс

Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕКЫҰ) кеңістігінде қауіпсіздікті, диалогты және өзара түсіністікті нығайтуға мүдделі. Сондай-ақ осы ұйым аясындағы қауіпсіздік мәселелері бойынша құрылымдық диалогты жүзеге асыруды қолдайды. Алға қойылған мақсаттарға жетудің негізі Елбасының келіссөздерге тікелей қатысуы нәтижесінде маңызды тарихи құжаттың мәтіні бойынша консенсусқа қол жеткізілген Қазақстан Президенті Нұрсұлтан

Саммит және декларация ХХІ ғасырдағы бірегей оқиғалар екендігін растап, тараптар осы жылғы ұйымның негізгі іс-шарасы желтоқсан айында Венада өтетін ЕКЫҰ сыртқы істер министрлерінің кездесуінің дайындық мәселелерін талқылады. Бұл кездесу халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша диалогты жалғастыру үшін маңызды екендігі атап өтілді. Қ.Әбдірахманов «Бүгін АӨСШК Азия континентіндегі бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында маңызды факторға айналды. ЕКЫҰ – АӨСШК – АСЕАН

АУСТРИЯ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Назарбаевтың бастамасымен шақырылған ЕКЫҰ саммитінің 2010 жылғы желтоқсандағы Астана декларациясы болып табылады. Бұл туралы еліміздің сыртқы істер министрі Қайрат Әбдірахманов ЕКЫҰ қазіргі төрағасы, Аустрияның Еуропа істері, интеграция және халықаралық істер министрі Себастьян Курцтың арнайы өкілі ретінде Қазақстанға ресми сапармен келген Аустрияның Еуропа істері, интеграция және халықаралық істер министрінің орынбасары

бағыты бойынша өзара іс-қимылды құру өңіраралық ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктеріне жол ашып, Еуразиялық қауіпсіздік жүйесін одан әрі дамыту үшін қолайлы жағдай туғызады», — деп атап өтті. Халықаралық күн тәртібіндегі мәселелерді талқылау барысында Қазақстан Президентінің сыртқы саяси бағыты және Елбасының әлемдік қауіпсіздікті нығайту жөніндегі халықаралық күшке қосқан үлесі, оның ішінде



Александр Маршикпен кездесу барысында мәлімдеді. Кездесу барысында тараптар Қазақстан мен ЕКЫҰ ынтымақтастығының қазіргі жағдайы мен болашағына қатысты кең ауқымды мәселелерді талқылады, сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер бойынша пікір алмасты. Қ.Әбдірахманов Аустрия белгілеген басымдықтардың, соның ішінде ұйымның кеңістігінде сенімді қалпына келтіру, қактығыстарды реттеу және радикализацияға қарсы тұру уақытылы жасалғанын атап өтіп, Аустрияның ЕКЫҰ төрағасы лауазымындағы қызметіне жоғары баға берді. «Қазақстан жаңа қауіп-қатерлер пайда болған кезеңде аса қажетті ЕКЫҰ кеңістігіндегі қауіпсіздік пен диалогты нығайтуға мүдделі. Ұйымға мүше мемлекеттер аталған жағдайларда теріс процестерге қарсы бірігуі тиіс», — деп атап өтті министр.

Астана процесі аясында Сирия бойынша келіссөздерді өткізу, сондай-ақ Ресей мен Түркия басшыларын татуластыру және Украинаның шығысындағы жағдайды тез арада бейбіт реттеудегі мүдделілігі жоғары бағаланды. Қазақстан мен Аустрия заманауи әлемнің өзекті мәселелері бойынша ұқсас ұстанымдарды ұстанатындығы атап өтілді. Осы тұрғыда тараптар ядролық қаруды қысқарту процесінің қазіргі жағдайы мен келешегін және Жаппай жою қаруын таратпау режимін нығайтудағы тараптардың рөлін қарастырып, мүмкіндігінше көптеген мемлекеттің ядролық қаруға тыйым салу туралы жаңа келісімге қол қоюын және оның күшіне ену қажеттігін атап өтті. Екі жақты ынтымақтастықты дамытуға, оның ішінде Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің ішінара



А.Маршик ЕКЫҰ қызметіндегі Қазақстанның конструктивті рөлін атап өтіп, аустриялық тараптың жұмысын оң бағалағаны үшін қазақстандық тарапқа алғыс білдірді. Аустрия дипломатының айтуынша, Қазақстан өзінің сындарлы саясаты мен бағдарлы бағыты нәтижесінде ұйымның сенімді әріптесі болып табылады, сондай-ақ ұйым шеңберінде саммиттің 2010 жылы Қазақстан астанасында өтуі және Астана декларациясының қабылдануы көптеген шешімдердің маңызды бастамалары болып табылады.

қолданылуына ерекше назар аударылды. Қ.Әбдірахманов Қазақстан мен Аустрияның ынтымақтастығын одан әрі дамыту әлеуетін жоғары бағалайтынын атап өтті. Соңғы жылдары жаһандық экономикалық жағдайы нәтижесінде туындаған екі ел арасындағы тауар айналымының жалпы көлемінің төмендеуіне карамастан, тараптар сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту бойынша бірлесіп үлес қосуға келісті.

Руслан ДОСТАЕВ

7 сөз

Елімізде жаңа жылдан бастап жәрдемақы мөлшері көбейеді

АПТАНЫҢ АЙТАРЫ

186

мың. Алматыда биыл жүргізушілер жол ережесін осынша рет бұзған

31

млн теңге. Астаналықтарды интернет аукцион арқылы арзан көлікке қарық қыламын деген алаяқ сотталды

85

Семей полигоны жерінің осынша пайызы ауыл шаруашылығы айналымына өңгізіледі

Жедел сұхбат

«Еліміз кезекті отын тапшылығын, мұнай өнімдерінің тапшылығы мен олардың қымбаттауын басынан кешіріп отыр. Жылыту маусымы басталғалы бері көмір мен газдың да бағасы өсті. 100 миллион тонна көмір өндіретін елдің азаматтары өз үйін жылыту үшін көмірді қаппен, сөмкемен тасуға мәжбүр екені ұят нәрсе. Олар сөмкесіне мың теңге төлесе, бұл көмірдің тоннасына 25–30 мың теңгені құрайды». Сәрсенбі күнгі Парламент Мәжілісінің отырысында депутат Айқын Қоңыров елімізде қазіргі қалыптасып отырған отын тапшылығына байланысты мәселе көтерді. Астанадағы тілшіміз ел көлеміндегі отын тапшылығына байланысты депутаттың пікірін білген еді.

Айқын ҚОҢЫРОВ:

КӨМІРДІ ҚАППЕН ТАСЫҒАНЫМЫЗ ҰЯТ!

Жас қазақ: Еліміз өзін-өзі жанармаймен және отынмен толық қамтамасыз етуге шамасы жетпей ме? **Айқын Қоңыров:** Қазіргі таңда еліміздің өзін-өзі жанармаймен және отынмен толық қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ. Себебі біз Ресейден келетін еліміздің 35-40 пайызға дейінгі тұтыну нарығын иеленетін жанармай және отынға тәуелдіміз. Әрине, бұл жағдай алып-сатарларға қолайлы. Біздің үкімет жанармай және отынға деген бағаны қалағалаудан бас тартты. Біз мұны құптамаймыз. Жанармай мен отын бағасының өсуі қарапайым халыққа ауыр тиеді. Өйткені тасымалдаушы компаниялар бағаны көтереді де, қызмет көрсету және тауар бағасы бірден өседі. Қазіргі таңда отандастарымыздың пынайы табысы онсыз да 2,4 пайызға дейін төмендеп отыр. Жанармай және отын саласындағы орын алған жағдай жайлы халықтың пікіріне үкімет назар аударуы тиіс. Күн суытқалы бері жанармай және отын тапшылығы басталды. Одан кейін олардың бағасы шарықтап шыға келді. Қазақстан сияқты мұнай және отыны мол елде біз бағаның тұрақтылығын қамтамасыз ете алмай отырмыз. Бұл бізге үміт артқан халықтың алдында ұят мәселе.



Жас қазақ: Қазіргі қалыптасқан жағдайдан шығу үшін қандай жол ұсынасыз? **Айқын Қоңыров:** Жанармай мен отынды көтерме және бөлшектеп сатуды мемлекет тарапынан қатаң басқару қажет. Сонымен қатар елімізде төртінші мұнай өндіру зауытын салу мәселесін жеделдетіп қарастыратын кез келді.

Айбарша ЖАҚСЫЛЫҚ, Астана

Сөз-Жебе

Маггеррам МАГЕРРАМОВ, Мәжіліс депутаты:

«Біздің елде футболға, футболшыларға әрі олардың бапкерлеріне барлық жағдай жасалған. Осыған дейін футбол клубтарына жұмсалған миллиондаған қаржылық шығын мен біздің футбол жұлдыздарына төленетін шектен тыс сыйақы мәселесі бірнеше мәрте талқыланған еді. Ұлттық құраманы басқаруға ТМД елдерінен бапкер шақырту тәжірибесін доғару қажет. Бұл елдердің өзінде де ішкі чемпионаты төмен деңгейде. Футболшыға шектен тыс сыйақыны қысқарту керек»

Бензин «безгеги»

Осыдан кейін жанармай сататын желілер әр түрлі әрекет етті. Мәселен, Sinooil 148 теңгеден сатулы жалғастырды. Ал қалғандары өнімді сатуға шығармай ұстап отырды. Әйтпесе, бензин жоқ емес, бар. Министрдің өзі мойындағандай, осы аптаның басында АИ-92 маркалы бензин қоры 138 мың тоннаны құраған.

жасалды. Кім не десе де, мұның асқынған дерт екенін мойындайтын кез жетті. Энергетика министрі үш зауыттың модернизациясы аяқталған соң осы дерттен арыламыз дейді. Оны кезінде көре жатармыз. Алайда жанармай бағасының өсуі — уақыттың еншісінде. Себебі Канат Бозымбаев «Біз Еуразия кеңістігіндеміз, сондықтан алдағы кезде баға төнесуі керек. Бірақ біз бір күннің ішінде 220 теңгеге көтерілмес үшін оны біртіндеп өсіруіміз керек» — дейді.

еткен жоқ. Наурыз айында АИ-92 бензинінің 140 теңгеден 143 теңгеге көтерілген болатын, ал АИ-95 бензині 152 теңгеден 155 теңгеге көбейді. Бірақ ешкім елен еткен жоқ.

Әдетте біздің өңірде күзгі жиын-терін, егін орағы кезінде бағаны бір көтеріп алатын. Көтерілген бағаның түскенін көрген тірі кісі әлі жоқ. Қашан болсын сол калпында қалады. Дәл қазір Көкшетаудың жанар-жағармай құю бекеттерінде АИ-92 бензині

БҮЛ «ДЕРТКЕ» ДАУА БАР МА?

Ол көлем 100 мың тоннадан аз болғанда ғана нарықта тапшылық пайда болуы тиіс.

Бірақ нарықтағы ойыншылар бензиннің үстінде отырып, жағдайдың тұрақтанғанын күткен көрінеді. Әрі жоғары бағамен сатулан қорқыпты-мыс. Себебі жақында ғана оларға Табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау комитеті тарапынан айыппұл салынған. Соның кесірінен осы желілер орасан шығынға ұшырапты. Министрдің айтуынша, бұл жүз миллиондаған теңге.

«ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мынбаевтың ақталуы да осыған саяды. «Ішкі нарыққа қалай әсер ете аламыз? Бұл үш мұнай өңдеу зауытының тұрақты түрде жұмыс істеуі. Үш зауыт та толық қуатымен жұмыс істеді. Тек Павлодар зауытының жоспарлы жөндеу жұмысы көктемнен күзге ауыстырылды, яғни жоспарлы жөндеу мен жаңғыртуды бір мезетте аяқтау көзделді. Атырау зауытының жоспарлы жөндеу жұмыстары бес күн ерте аяқталды», — дейді ол.

«Біз нарықтың 15 пайызын ғана қамтимыз.

Ірі қатысушылармен мәмілеге келді деген Табиғи монополияларды реттеу комитеті бізге 500 млн теңге айыппұл салды. Осы орайда безиннің зауыттардағы өзіндік құнын ғана емес, Ресейден әкелінетін өнім бағасын да есепке алу керек. Айталық, Ресейде бензиннің бір литрі 37 рубль, яғни 220 теңге. Бізде 150 теңгеге сатылады. Қай зауыт оны сатып алады? Сол себепті де біз тоқтаттық, өзге де ірі

Канат БОЗЫМБАЕВ,
энергетика министрі:

«Модернизацияның нәтижесінде қазіргімен салыстырғанда, жоғары октанды бензин өндіру жылына 1,2 млн тоннаға, дизель отыны 700 мың тоннаға ұлғаяды. Авиасотын өндірісінің көлемі 150 мың тоннаға артады. Бұл біздің авиасотынға мұқтаждығымыздың 50 пайыздан астамын өтейді деген сөз. Әлбетте, бұл бағаға да әсер етеді. Үш зауытты жаңғыртқаннан кейін баға құрауға ықпал ететін тетігіміз күшейеді. Қазір жоғары октанды бензиннің 30 пайызын, дизель отынының 10 пайызын сырттан әкелеміз. Егер үш мұнай өңдеу зауытының модернизациясы дер кезінде аяқталса, 2018 жылы еліміз жанармай тәуелділігінен арылады. Импортта тәуелділіктен арылған соң жанар-жағармайды сыртқа сатуға мүмкіндік бар. Үш зауыт толық іске қосылғаннан кейін 2 млн тонна бензин, 1 млн тоннаға жуық дизель отыны артық өндіреді».

(Шымкент мұнай өңдеу зауытына сапары барысында журналистерге берген сұхбатынан, 2017 жылғы сәуір)

желілер тоқтады.

Содан тапшылық туындады» дейді ол.

Бұл да таныс «сценарий». Зауыттардың жұмысын тоқтатпас бұрын, алдымен қор жасап алу керектігін өздері де жақсы біледі. Ондай қордың бар екенін мойындап та отыр. Ал терістік көршімізден нарықты қамтамасыз етуге қажетті жанармайдың 30 пайызын ғана сатып аламыз. Тапшылық әдеттегідей қолдан

БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ:

АИ-92 – 200 ТЕҢГЕ

Ресеймен шекаралас жатқан Батыс Қазақстан облысында бензин 200 теңгеге жеткен. Бөкей Орда ауданы Сайқын ауылында АИ-92 жанармайы 200 теңгеден сатылып жатыр. Ауыл тұрғындары Оралда литріне 159 теңгеге сатылып жатқан жанармайдың бағасы ауылға келгенде неге қатты шарықтап кеткенін түсінбей аң-тан. Қаламен салыстырғанда АИ-92 жанармай маркасы 41 теңгеге қымбаттаған. Ал Сайқын ауылының әкімі Мейрамбек Аққалиев ауылда бензин тапшылығы жоқ екенін айтады. Бірақ жанармай құнының өскенін растап отыр.

КӨКШЕТАУ:

ЖАНАР-ЖАҒАРМАЙДЫҢ БАҒАСЫ «ЖАНЫП» ТҰР

Өзгені қайдам, Көкшетаудың көлік жүргізушілері көтерілі. Тіпті жүйкелері жұмыр-жұмыр тастай талшықтан жаратылған тәрізді. Соңғы аптада жанармай бағасы мың құбылып, көкшелік көлік жүргізушілерінің «нервысында» ойнай бастады. Бірақ пақырлар былқ

151 теңгеден сатылууда. Ал іргелегі Ресейден тасымалдайтын кәсіпкерлер 153 теңгеге көтерген. Қазір халық қымбатшылық тағы да құрсауына алады деп қобалжулы. Кез келген тауар, оның ішінде азық-түлік те көлікпен тасымалданады емес пе. Олай болатын болса, қарапайым халық онсыз да мықтап тартылған белбеуін қыса түсетін шығар.

ТАЛДЫҚОРҒАН:

НӨПАҚАДАН ҚАҒЫЛЫП ЖАТЫР

Өткен 4 қазаннан бастап өңірдегі бензиннің бағасы көтеріле басталы. Сол күндері 152, 153 теңгеден сатылған сұйық отынның бағасы 159 теңгеге дейін көтерілді. Алматы облысында 335 жанар-жағармай сататын бекет бар. Облыстық кәсіпкерлік, индустриалды-инновациялық даму басқармасы 19 аудан мен қаладағы кәсіпкерлік бөлімімен бірлесіп, бағаны реттеу мен бензин тапшылығын жою бағытында белсене жұмыс істегенімен онысынан тұқ шықпады. Бұл жағдай нөпакасын жоллаушы тасып айыратындарға қиын тиіп тұр. Өйткені, қолында талоны болмаған көлік иесі бензин ала алмайды. Жанармайсыз көлігі жүрмеген соң күнделікті кірістен де қағылып жатыр. Қазір Талдықорғанда «Газпромнефть» жанар-жағармай сату бекетінде сұйық отын еш келергісіз, 156 теңгеден сатылып жатыр. Өйткені, олар бензинді Ресейден тасымалдап отырғандықтан, бензин тапшылығын сезіне қойған жоқ. Сенбі, жексенбі күндері аталған жанар-жағармай құю бекетіндегі кезек жүздеген көлікке жетті.

Гүлнар АХМЕТОВА

Айбын

Жас казак: Ұлттық университеттегі әскери кафедра қашан құрылды? Негізгі мақсаты қандай? Осы жайында кеңірек айтып берсеңіз.

Олег Ажимов: Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

Отансүйгіштік – қастерлі қасиет. Отаншыл болу – өткеніңді ұмытпай, бүгінгіңді бағалау. Ертеңгі күнді бағдарлау. Бейбіт елді сақтап тұру. Ананың сүтімен дарыған патриоттық рухты өрлетпесек, өшіріп алуға, тіпті де хақымыз жоқ. Иә, осыған орай елімізде көптеген жағдай қарастырылып, түрлі арнайы оқу орындары ашылған. Мектептегі алғашқы әскери дайындық сабағы бәрімізге мәлім. Содан кейінгі 11 жылдық ұядан ұшқан қаракөздің дені әскерге аттанып жатады. Біразы арнайы әскери оқу ордасына түседі. Сондай-ақ жоғары оқу орнында жүріп те әскери кафедрада рухын шыңдай алады. Осы жайында толығырақ білу үшін Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әскери кафедрасының басшысы Олег Ажимовпен әңгіме-дүкен құрдық.

Олег Ажимов: Бұл — біздегі басты мақсаттың бірі. Бойында патриоттық сезімі жоқ сарбаз ешқашан халқына қалтқысыз қызмет ете алмайды. Студент әскери кафедраға келгеннен бастап, ең алғашқы айтар сөзіміз де осыдан басталады. Өйткені әрбір азаматтың бойында бағылдық пен қоса, еліме, жеріме, жалпы Отаныма деген патриоттық сезімі асқақтап тұруы тиіс. Бізде әскери-патриоттық тәрбие беру бойынша оқу-идеялық жұмыс мақсатты түрде жүргізіліп

талабын сөзсіз орындауға, әрбір оқушының Отанын қорғау жөніндегі әскери міндетін орындауға бағытталған құндылықтар жүйесін қалыптастыруға үйретеміз. Бұған қоса, еліміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарына студенттерді жаттықтыру, олардың Қарулы Күштеріне жүктелген міндеттерді табысты шешуге моральдық және психологиялық түрде даярлау жағын да естен шығармаймыз.

Жас казак: Осыған орай қандай іс-шара ұйымдастырасыздар?

Олег Ажимов: Соңғы 2016-2017 оқу жылында әскери-патриоттық тәрбие беру жұмысы барысында 52 іс-шара өткізілді. Әскери

спорттық жарыс өткізілді. Отан қорғаушылар күні Қазақстан Халық қаһармандары — С.Нұрмағамбетов пен Б.Момышұлының аудиториясы жанартылды. Бұдан бөлек, әскери кафедраның ұжымы университет басшылығымен жүргізілетін барлық мерекелік іс-шараға қатысады.

Жас казак: Қандай да бір елдермен тәжірибе алмасасыздар ма?

Олег Ажимов: Халықаралық ынтымақтастықтың студенттерге білім беру аясында атқарар қызметі зор. Үндістанның Ұлттық қалет корпусына бару үшін студенттер арасында іріктеу өткізілді. Бұл жастар арасында қызығушылықпен қоса, бәсекелестікті

QOĞAM **ЖҚ**

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Біздің сұхбат

Осы аптада Қырғызстан президенті Алмасбек Атамбаев тағы да қазаққа тиісті. Білдей бір елдің басшысына лайықсыз сөзі жауапсыз қалмады. Біздің үкімет жақсылықты тез ұмытатын саясаткерге қажетті жауапты берді. Ал өздері сайлаған басшыларының бұл мәлімдемесіне айырқалпақты ағайын не дейді? Біз Қырғызстан Жогорку Көнешінің (парламент) бұрынғы төрағасы Зайнидин Құрмановқа хабарласып, пікірін білдік.

Жас казак: Зайнидин Карпекулы, Қырғызстан президенті Алмасбек Атамбаев казак пен кыргыз арасына от салатын тағы бір мәлімдеме жасады. Бұған қатысты ежелден бауырлас кыргыз халқы қандай

қатысты не айтасыз? Қай үміткердің мүмкіндігі мол?

Зайнидин Құрманов: Дауыс беруге бес күн қалды. Содан кейін нақты анықталар. Қазір билік өкілдері мен оппозиция арасында бәсеке қызып

«ҚЫРҒЫЗ ХАЛҚЫНА РЕНЖІМЕҢІЗДЕР!»

баға беріп жатыр? Сіз не айтасыз?

Зайнидин Құрманов: Казак бауырларымызды ел билігінен кетіп бара жатқан президенттің бұл сөзіне көңіл алмауға шақырамын. Себебі ол көбіне эмоцияға беріледі. Өткен жолғы айтқан мәлімдемесін де солай бағаласаңыздар болады. Енді жана сайланатын президент сол көршілес жатқан елдермен байланысты жақсылап орнатуы керек. Олай болмаған жағдайда геополитикалық тығырыққа тірелген еліміздің дамуы екіталай. Сауда-саттық, экспорт, импорт, жалпы, ел экономикасының дамуы үшін жана қаламға баруымызға тура келеді. Осыған дейін тек Қазақстанға қатысты емес, өзге де көршілерімізге президент тарапынан қатты-қатты сөздер айтылды. Атамбаевтың мұндай мәлімдемелеріне құлақ үйреніп қалғанымен, ертеңгі күні бізге зияны тиіп кетпесе екен деген тілек бар. Өткен жолы АҚШ-та өткен президент сайлануына қатысты да орынсыз пікір білдірді. Сол себептен оның бұл сөзіне байланысты кыргыз халқына ренжіменіздер! Бәрі қалпына келеді. Жұық арада жана басшы сайланады. Казак пен кыргыздың бір-біріне деген көңілі баяғыдай. Біз тек көршілес жатқан ел емеспіз. Біз бауырлас елміз. Менің ойымша, қандай президент келмесін, екі ел арасындағы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан байланыс үзілмейді деп ойлаймын. Себебі казак пен кыргыз — түбі бір туыс, еншісі бөлінбеген бауырлас халық.



тұр. Бүгін ең басты үміткердің бірі — Өмірбек Бабановты сайлауға қатыстырмауы мүмкін деген әңгіменің шеті шықты. Оған осыған дейін 4 рет ескерту жасалған деседі. Ал біздің заң бойынша ескерту 4 рет жасалса, сайлауға қатыстырмайды. Ресми ақпарат әлі шыққан жоқ. Не боларын бәріміз күтіп отырмыз. Сайлауға аз уақыт қалғанда ең басты қарсыласты алып тастау аздап күмән тудырады.

Жас казак: Жалпы кыргыз ағайындарымыз осы сайлаудың нәтижесінен қандай өзгеріс күтеді?

Зайнидин Құрманов: Қазіргі таңда үміткер арасындағы саяси күрес өте қарқынды. Ең бастысы, отандастарымызды кімнің президент болатыны емес, одан кейінгі тыныш өмір сүру көбірек толғандырады. Қандай да бір саяси шиеленістен кейін қарапайым халық зардап шекпесе екен деп отыр. Кыргыз бауырларыңыз қайта толқу болғанын қаламайды.

Сұхбаттасқан
Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ



әскери кафедрасы 1934 жылы құрылды. Әскери кафедраның негізгі мақсаты — Қазақстан Қарулы Күштері, басқа да әскери мен әскери құралымдары үшін запастағы офицерді дайындау. Мұнда жоғары оқу орнының студенттері әскерден бөлек, оқу орнында жүріп-ақ белгілі мерзім аралығында құжат дайындап, арнайы тапсырмадан сүрінбей өтсе, әскери кафедраның курсантына айналады. Қабылданған күннен бастап ЖОО бойынша аптасына бір күн сабақтан босатылып, әскери кафедрада теорияны тәжірибемен ұштастыра отырып, шындалады. Оқу бітірген кезде әскери билетпен бірге «запастағы лейтенант» атағы

САРБАЗ – ЕЛ ҚОРҒАНЫ

беріледі. Біздің кафедра бүгінге дейін Қарулы Күштердің қатарына 30 мыңнан астам запастағы офицер дайындап шығарды.

Жас казак: Әскери кафедрада қандай әскери-мамандық оқытылады? Жалпы сіздердегі оқу барысы қалай жүргізіледі? Студентке білім беру үшін қандай техникалық база мен әдіс-тәсілді пайдаланасыздар?

Олег Ажимов: Қазіргі уақытта әскери кафедра студенттерді 15 әскери-есептік мамандық (ӘЕМ) бойынша даярлайды. Бүгінде әскери кафедраның түлектері Қарулы Күштер, ішкі істер министрлігі, ҰҚК шекара әскерлерінде және еліміздің басқа әскери құрылымдарында қызмет етуде. Қазір бізде 1300-ден астам студент білім алып жатыр. Оның 350-і - Алматыдағы басқа жоғары оқу орындарының студенті. Кафедралағы оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында әскери ғимаратта 28 мамандандырылған аудитория, техникалық оқу құралдары, операциялық модельдер, оқу бөлімдері мен сыныптар, стендтермен және басқа да көрнекі құралдармен жабдықталған. Бұған қоса, 2 компьютерлік сынып, әскери-ғылыми әдебиет кітапханасы, электрондық оқу залы, шеру алаңы, интерактивті тир алаңы, 100 орындық акт залы, әуе шабуылына қарсы жаттығу алаңы, оқу-жаттығу полигоны қамтылған. Кітап пен құралдар жиынтығы түгелденіп, курсанттарға жеткілікті білім алу үшін барлық жағдай қарастырылған.

Жас казак: Бүгінде жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру ісіне зор мән беру керектігі айтылып жүр. Бұған қатысты сіздерде қандай жұмыс атқарылууда?

отырады. Ол үшін азаматтарды әскери қызметке дайындау ережесіне сәйкес, оқу-тәрбиелік және идеологиялық жұмыс жоспары да жасалған. Атап айтсақ, көшбасшылық қасиетті дамыту әскери этикаға тәрбиелеу, идеологиялық жұмыс және жағымсыз ақпаратқа қарсы әрекет, мәдени-тынығу жұмысы, психологиялық жұмыс, кескіндеме және қоғамдық қатынастар болып жіктеледі. Бұл жоспар университеттің қоғамдық ұйымдарымен және университет ректорының келісімімен мақұлданды. Сонымен қатар студент жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеу ісіне біз Президент Н.Назарбаевтың тапсырмаларын басшылыққа аламыз. Қорғаныс министрлігінің «Қазақстан Республикасының азаматтарын патриоттық тәрбиелеудің мемлекеттік бағдарламасын» бекіту туралы бұйрығымен 2006 жылы қазан айында «Азаматтарды әскери қызметке даярлау анықтау, жоспар мазмұны нақтыланып көрсетілген. Бүгінге дейін сол бойынша жұмыс жүргізілді. Әскери-патриоттық жұмыстың мақсатына тоқталар болсам, мұнда әрбір азаматқа Қазақстан Конституциясына және заңдарына құрметпен қарауға, халқы мен Президентіне адалдықты сақтауға, әскери-патрульдік және әскери қолбасшылықтың



кафедрала оқитын студенттермен «Мен — өз елімнің патриотымын» жалпы тақырыбы бойынша дөңгелек үстелдер, сондай-ақ еліміздің Қарулы Күштері мен әуе қорғаныс күштерінің және ауған соғысының ардагерлерімен, әскери тарих және біздің Қарулы Күштеріміздің тарихына арналған кездесулер өтті. Орталық тарихи мұражайға, 28 панфиловшылар саябағына, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ мұражайына экскурсия ұйымдастырылды. Алматы қаласының әскери бөлімдері арасында

арттырды. Ал бәсеке болған жерде өсу мен нәтиже бар. Студенттеріміз өткен жылы Үндістанның Тәуелсіздік күніне және Армия күніне арналған әскери шеруге қатысып, Ұлттық қалет корпусын аралап, сафарилі көріп, қызықты экскурсия өткізді. Бұл сапарда студенттер біздің мемлекеттің ғана емес, Қарулы Күштеріміздің өкілі екенін сезінді.

Сұхбаттасқан
Салтанат ШЫРЫНХАН



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz


ДІН

Орайы келген әңгіме

— Дархан, намазды алғаш қашан, кімнен үйрендіңіз?
— Қателеспесем, 2-курста оқып жүрген кезім. Дінге деген қызығушылығым оянып, өз бетімше ислам жайлы уағыздар тыңдай бастадым. Абдуғаппар Сманов, Дарын Мұбаровтың уағыздарын тыңдап жүрдім. Кейін қаладағы «Нұрәулет» мешітіне жақын дүңгіршектердің бірінен «Намаз оқып үйренейік!» деген кітапша сатып алып, намаз оқуды үйрендім.
— Ал түсінігі терістердің тізіміне қалай түстіңіз?
— Әуел баста осы кітаптан үйренгенім бойынша оқып жүрдім. Бірақ кейін бірер намазхан бауырларым бұлай оқу дұрыс емес деді. Сөйтті де, өздерінің оқылу тәртібін үйретті. Солардың айтуы бойынша, намазды қайта-қайта қол көтеріп оқып жүрдім. Әминді сырттай айтатын болдым. Сақал қойдым, балақты қыскарттым. Әйелім де арнайы никаб кимесе де, орамалының шетімен бетін жауып, бүркеніп жүрді. Қазір ойлап отырсам, бастапқыда бізде сыртқы келбетке деген еліктеушілік басым болған сияқты. Солар не жасаса, соны қайталадық. Діннің дұрысы осы деп ойладық. Бір жағынан, исламды енді тани бастағанында кез келген ақпаратты тез қабылдауға бейім тұрасың. Әрі діни сауатымыз да аз болды.

ДАРХАН:

«ІСІ МЕН СӨЗІ СӘЙКЕС КЕЛМЕЙТІН АҒЫМНАН ШАРШАДЫМ...»



— Ал білім алуыңызға не кедергі болды?
— Ешқандай кедергі болған жоқ. Басында діни кітаптарды сатып алып оқитынмын. Неке, исламдағы отбасы, сахабалардың өмірі жайлы. Бірақ мешіттегі имамдардан арнайы сабақ алған жоқпын. Оған да бұрынғы ортам әсер еткен шығар. Себебі олар «имамдарды тыңдамаңдар» — деп айтатын. Бір отырыста сондайды өз құлағыммен естігенім бар екен. Бірақ қай имамды айтқаны нақты есімде жоқ.
— Әлгі өзіңіз айтқан ортаның бұрыс жолда екендігіне қалай көз жеткіздіңіз?
— Былтыр күзде Ақтөбеге көп теолог мамандар келді. Жамағат арасында түсіндіру жұмысын жүргізді. Сонда Бауыржан Әлиұлы есімді ұстаз менімен жеке сөйлесті. Намазды қалай оқисың, дәретті қалай аласың? — деп сұрады. Бәрін жасырмай айттым, қарсылық танытқан жоқпын. Кейін ол мәзһаб ұстану керектігін айтты. Маған бұрын намаз үйреткен жігіттер адасып жүр деді. Олардың тек намазда емес, Алланы тануда да қателіктері бар екен. Алланы адамға ұқсатады, Оған ағза, мекен береді дегендей. Шыны керек, бұл мәселеде менің білімім аз. Осы уақытқа дейін ол туралы ешкіммен тартысып та көрмеппін. Ал Бауыржан деген ұстаз маған осының бәрін түсіндірді. Алла ешбір жаратылысқа ұқсамайтындығын, Оған ағза беру дұрыс еместігін айтты. Алдағы уақытта сауал туындаған жағдайда хабарлас деп, өз телефон нөмірін қалдырды.
Осы кездесуден кейін көп ойландым. Онсыз да соңғы кезде намазхан таныстарымның кейбір ісі маған ерсі болып көрінетін.

Суннамен жүреміз дейді. Бірақ екі сөзінің бірі — былапыт-боғауыз. Кейбіреуі шегеді деп те еститінмін. Қарыз алса, қайтармайды. Адамға мурджи (*адасқан ағым*) не басқа деп онай жала жаба салады. Көзінде түк мейірім жоқ. Дарын, Ділмұраттардың уағзын тыңдайды. Ал естуімше, Ақтөбе, Алматы қалаларындағы террористік іс-әрекеттерді ұйымдастырғандар осылардың уағзын тыңдайды екен. Шыны керек, осыдан кейін олардан жиреніп кеттім. Ісі мұсылманшылыққа жат мүлдем. Суннамен жүреміз дегені әшейін сөз ғана.
— Қазіргі таңда теологпен хабарласып тұрасыз ба?

Сұхбаттасқан
Индира ИЗБАСКАН,
Ақтөбе облыстық «Нұр ғасыр»
мешітінің баспасөз хатшысы

Comment

— Құрметті Шейх Ахмет Тайб, қазіргі таңда «экстремизм» деген терминді білмейтін жан жоқ шығар, сірә.
Экстремизмнің дергі бүкіл әлемді үрейде ұстап отырғаны анық. Осыған қарсы иммунитетті «Әл Азхар» университеті қалай қалыптастыруда? «Экстремизм» деген сөздің негізгі анықтамасы қандай?



— Әрине, «Әл Азхар» университеті тарапынан мұндай дертке қарсы жан-жақты жұмыстар атқарылып отырғанын ешкім жоққа шығара алмайды. «Әл Азхар» исламды жақсы жағынан насихаттайды және орта бағытты ұстануды дәріптейді. Себебі Құранда: «Осылайша сендерді *(артық, кемсіз)* орташа бір үммет қылдық» делінген. Экстремизмнің толқыны әрбір елдің жағасына жетпес үшін бүгінге дейін «Әл Азхар»-дан миллиондаған ғұламалар шыққан. Олардың барлығы дерлік кез келген елдің саясаты, мәдениеті, экономикасы мен дінін өзгертуге бағытталған экстремисттік идеологиядан сақтандыру жұмыстарын жүргізген. Ислам таза бір дақ түспеген кітаптың парақтарын секілді. Осындай исламды әрбір теріс ағым мүшелері өз мақсаттарын жүзеге асыру үшін былғап, мүлде Исламның қағидасымен ұштаспайтын көзқарастармен бұрмалап келеді. Сондықтан, «Әл Азхар» бұл тек Мысыр елімен ғана шектеліп қоймай, экстремизмнен зардап шеккен барлық елдерге қолдау көрсетіп, исламды терең ойлап білетін, білікті де білімді мамандар жіберуде.
— Бүгінде экстремизм мен терроризмнің қасіретінен сақтандыру үшін әлемнің әрбір елінде көптеген халықаралық конференция мен форумдар ұйымдастырылуда. Бұл дертпен күресу үшін осындай шаралардың неңдей ықпалы бар?
— Біз бүгін экстремизмге қарсы күресте ашық майданға шықтық. Сондықтан, халықаралық конференция мен форумдарды


ұйымдастыру экстремизмнің тамырына балта шаба алмайды.

«Әл Азхар» университеті – әлемге танымал әрі ислам дінін дұрыс бағытта насихаттайтын іргелі оқу орны. Университет бүгінгі таңда исламды қаралап жатқан теріс идеологияның жетекшілеріне қарсы көптеген шаруа атқаруда. Осы тұрғыда аталған оқу орнының жоғарғы имамы, Шейх Ахмет Тайбтан «Мысыр Әл Йаум» газетінің тілшілері арнайы сұхбат алған екен. Біз сол әңгіменің қазақша аудармасын оқырмандар назарына ұсынуды жөн санадық.

Экстремизм қаупінен арылу көптеген жылдарды әрі әртүрлі деңгейдегі жұмысты үздіксіз ұйымдастыруды талап етеді. Осы тұрғыда

имамның аузынан шыққан уағызды дұрыс деп қабылдайды. Сондықтан ең алдымен мешіт қызметкерлерінің біліктілігін қадағалап, практикалық жұмыстарын жүргізген абзал.
— Адамның діни теріс бағытқа түсуінің ең басты себебі не?
— Қазіргі таңда діни теріс ағым мүшелерінің басты назары қоғамды қозғаушы күші саналатын жастарда болып отыр. Жастар қашанда кез келген қоғамда назардан тыс қалған емес. Сол сияқты экстремизмді дәріптейтін идеологтар да осы жастардың сана-сезімін бағындыру арқылы қоғамның ағымына елеулі ықпал етіп отыр. Көптеген жастар қанаты қатайған сәтінде білім алу үшін үйінен жырақтағы оқу орнына түседі. Олар отбасының қамқорлығы мен жылыуынан алыстаған соң, өзге қалада, бөтен ортада өзін тұлға ретінде қалыптастыруға тырысады. Алайда көп ұзамай мұндай жастар ата-ананың қадірін түсініп, өзін жалғыз сезіне бастайды. Осы сәтті пайдаланып әлгі экстремистік топ мүшелері оған рухани демеу болады. Оған күнделікті теріс мазмұндағы діни әдебиеттер ұсынып, өбден санасын улап алғаннан кейін, өмірге деген көзқарастары

әрбір қаладағы кез келген мешіттердің мінберін тазалау аса маңызды. Алланың үйі саналатын мешіттерде тек діни білімі жетік, саясатты дінмен ұштастырмайтын білікті имамдарды тарту керек. Себебі бұқара халық мінбердегі



мүлде басқа кейіпке енеді. Уақыт өте санасы уланған экстремистік жастардың қатары көбейе береді. Сондықтан, әрбір бала отбасынан ажырамас бұрын оның қанатын ата-ана шаңырақтан шығармай қатайту керек. Дер кезінде отбасынан дұрыс бағыт ала алмаған жасөспірімнің оқу орнына түскеннен кейінгі қадамы оң болып кетуіне ешкім кепілдік бере алмайды.
— Сонда бұл мәселенің шешімі қандай?
— Біріншіден, ұясынан ұшқан кез келген баланы ЖОО қабырғасында қадағалау жұмыстарын ұйымдастыру керек. Жастардың бос уақытында өзгенің аяласына түсіп қалу жолдарынан барынша сақтандыру шараларын жиі ұйымдастырып тұрған жөн. Екіншіден, жастардың бос уақытында шұғылданатын қоғамға әрі өзіне пайдасы бар нәрселерді ойлап тапқан абзал. Бұл өз кезегінде қоғамды ілгері дамытуға деген жастардың қызығушылығын арттырып, олардың бойындағы күш-жігерін тиімді пайдалануға жол ашады. Ол үшін жастармен айналысатын ұйымдарды көптеп құру керек.

(«Мысыр Әл Йаум» газетінен
ықшамдап алынды)
Дайындаған Жалғас АСХАТҰЛЫ

Тосқауыл

Аз-кем таратып айтайық. Зайыры осы жақсы дүниенің бір кем тұсы болатыны бар. Мәселен, бүгінгі таңда интернеттің адамға пайдасы ұшан-теңіз. Хабар алмасу, ақпарат алу дейсіз бе, күнделікті тіршілігіңнің көп қарекеті осы ғаламтор арқылы тындырылып жататыны рас. Әйтсе де, жерде жатпайтын жамандық та әлеуметтік желі арқылы тез тарайды. Оның үстіне ауқымы да кен.

Салафизмді насихаттағаны үшін жазаланған А.Бейсенбаев мектепте мұғалім болып, жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беріп жүрген. Кейін саналы тәрбиесі қожырай бастаған. Күндердің-күнінде ол өз бетінше діни білімін жетілдіру үшін

Таяуда Ақмола облысы Сандықтау аудандық сотының үкімімен мектепте математика пәнінен берген мұғалім ғаламтор арқылы қатерлі діни ағым – салафизмді насихаттағаны үшін сотталды. Аталған ауданның 33 жастағы тұрғыны өзінің желідегі парақшасында көпірлерге қарсы соғыс тәсілі және қарулы жиһад туралы жазған.

ғаламторда қаптаған ақпараттың арасынан діни бағыттағы уағызды оқи бастайды. Сөйтіп жүріп, оның назарына Пайғамбарымыздың хадистерімен бірге салафизм ағымның танымал уағызшыларының діни кітаптары ілігеді. Мектеп

мектеп мұғалімінің бұл теріс ісі құқық қорғаушыларының назарына дер кезінде іліккендігі дұрыс болды. Сөйтіп, көп ұзамай салафиттік уағызшылардың еңбектерін әлеуметтік желі арқылы таратқан ауыл мұғалімі айыпты деп танылып, бес жылға бас бостандығынан айырылу жөнінде шешім шығарылды.

ҒАЛАМТОРДА ТАРАТЫП, ТЕМІРТОРҒА ҚАМАЛДЫ



мұғалімі теріс ағымды құныға оқиды. Осы ілімдерді зерттеп жүріп, көпірлерге қарсы жиһадты басты ұстаным еткен салафиттердің түсінігін дұрыс деп таниды. Өзі ғана санасын улап, теріс жолға түссе бір сөрі ғой. Енді өзінің ой-пікірін, теріс таным-түсінігін өзгеге де тарата бастайды. Ең қауіпті ісі де осы еді. Күннен-күнге салафизм насихатын күшейткен

насихатты үдеткен мұғалімнің заңсыз жолмен тапқан мүлкін де төркілеуге шешім шығарды. Алжасқан ауыл мұғалімінің бар ісі осымен төмам болды деп айтуға болар еді. Бірақ мәселенің тағы бір қыры бар болып шықты. Шалғайдағы ауылдағы білім ошағында мұғалім болып жүріп, қатерлі ағымның қармағына түскен, кейінгі белсенді насихатшысына айналған ауыл мұғалімінің қарекетіне жергілікті құзырлы мекемелер жауапты деп танылып, жеке қаулы шықты. Аудан әкімдігінен бастап, жергілікті дін қызметкерлерінің өз міндетін дұрыс орындамағандықтан, осындай оқыс жай орын алып отыр деп ұйғарған сот қаулысы нақтылана түсті. Яғни бұдан былай жергілікті мекемелер діни экстремизм идеясының таралуына тосқауыл қою керек.

Байкал БАЙӘДІЛОВ,
Ақмола облысы

Қант қызылшасы**КӨКСУДАҒЫ ТЫҢ ТІРШІЛІК**

Естеріңізге сала кетсек, өткен жылы облысымызда 6 мың гектардан астам жерге қант қызылшасы себіліп, жоспардағыдай өнім алынды. Алайда өнімді қабылдау барысында біраз қиыншылықтың болғаны рас. Осы кемшілікті болдырмау үшін аталған зауыт биыл 1,5 млрд тенге көлемінде инвестиция тартып, зауыт құрылғыларын жаңартып, жұмыс ауқымын кеңейтумен қатар өнім сапасын арттыруды қолға алды. Осындай еңбектің нәтижесінде зауыттағы құрылғылар 80 пайызға жаңартылып, қазір қант қызылшасын қабылдау науқаны қызу жүріп жатыр.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Сексембай Бекішовтің айтуынша, биыл облыс аумағында 9,2 мың гектар жерге қант қызылшасы себіліп, бүгінгі таңда өнімді жинап алудың қауырт кезеңі басталған. Алдын ала болжам бойынша орта есеппен гектарына 350 центнерден өнім жиналуда. Алдағы уақытта бұл сан өсе түсуі мүмкін. Сондай-ақ биыл «Көксу қант зауыты» заманауи өлшемге

Алматы облысында жыл сайын қант қызылшасын өсіруге деген ынта артып келеді. Биыл «Көксу қант зауыты» ЖШС 250 мың тонна, «Ақсу қант зауыты» ЖШС 100 мың тоннадан астам қант қызылшасын қабылдайды деп жоспарлануда. Осыған орай, шаруалардың жыл бойы төккен терінің ақысын артығымен алу үшін де бар мүмкіндік жасалуда. Көптен күткен күз айы да келді. Бұл мезгіл өсіресе ауыл шаруашылығы еңбеккерлері үшін аса жауапты кезең. Осыны білетін шаруалар қазір егіс алқаптарындағы жұмысты қыздырып, дала төсін дүбірге бөлеуде. Сондай-ақ олар басымдыққа ие дақылдар қатарындағы қызылшаны жинау шаруасын да қыздырып, қант зауыттарына өткізуде. Тәтті түбірдің алғашқы өнімін қабылдауды бірінші болып «Көксу қант зауытының» ұжымы қолға алған болатын. Енді бұл іске «Ақсу қант зауытының» еңбеккерлері де білек сыбана кірісіп, маңызды науқанды қыздыруда. Ал қаратаалдықтардың қарқыны да төмен емес. Жалпы, биыл облыс аумағында қант қызылшасына деген ынта, белсенділік ояңған. Оған билік пен бизнес тарапынан жасалған қолдау мен көмекте сөп болуда.

Дереккөздеріне үнісек, 82 гектар аумақты алып жатқан «Ақсу қант зауыты» 1967 жылы салынған. Зауыт құрылысы чехословакиялық жобамен жүргізіліп, сол елдің мамандарының басқаруымен қант қайнатудың бірінші кезеңін бастады. Жаппай жекешелендіру жылдары зауыт қолдан-қолға өтіп, қарызға шаш етектен батып, банктің құзырына өтіп кеткен.

Кейінгі жылдары облыстық әкімдік тарапынан зауытты қайта қалпына келтіру үшін біркатар шара қарастырып көргенімен, одан нәтиже шықпады. Тек жұртты: «Ақсу қант зауыты» іске қосылса, ақсулықтармен қатар, Сарқан, Алкөл ауданының дикандарына жақсы болар еді», — деген үміт қана әлдилеп келді

Иә, 2005 жылдан бері аталған зауытты қайта жаңғырту туралы біраз талпыныстар болды. Қытайлық, түріктік, ресейлік инвесторлар да бірнеше мәрте келіп, зауыттың мүмкіндігін тексеріп қайтқанымен бірлесіп жұмыс жасауға белсенділік танытқан жоқ. Немістердің «ВМА» фирмасы зауытқа 38 млрд тенге инвестиция салып, неміс технологиясымен қант қызылшасын өңдейтін құрал-жабдықтарды орнатуды жоспарлағанымен, еліне кетті де келмей қойды.

Жыл басында Ақсу ауданына арнайы жұмыс сапарымен барған облыс әкімі Амандық Баталов Алматы облысының әкімдігі мен «Энергосмост» консорциумы арасында «Ақсу қант зауытын» іске қосу жөнінде өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылғанын айтып, бұның соңғы уәде екенін білдірді.

— Зауытты іске қосуға барлық күш-жігерімді жұмсайтын боламын. Оған біздің

ТІРШІЛІК

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



Мұратовтың сөзінше, көктем айынан басталған күрделі жөндеу жұмыстары бүгінде қарқын алып, ескірген құрылғылар барынша қайта жаңғыртудан өткізілген. Осындай жұмыстарды жүзеге асыру үшін бүгінгі күнге дейін барлығы 7,5 млрд тенге қаражат салыныпты. Бір сөзбен

Бұл ауданда қант қызылшасын егетін шаруалар жыл сайын артып келеді. Мәселен, былтыр өңір бойынша 83 шаруа қожалығы барлығы 940 гектар алқапқа балтамыр тұқымын ексе, биыл бұл көрсеткіш 1100 гектарға жетіп, дақыл өсірумен айналысатын шаруа қожалығының саны жүзден асты.

Мемлекет қолдауы мен шаруа адамдарының тынымсыз еңбегінің нәтижесінде өркендер жақсы өсіп, жетілді. Шаруа қожалықтарының агротехникалық шараларды толық сақтауы да он әсерін тигізіп, тәтті түбірдің салмақ қосуы, қанттылығы көңіл қуантарлықтай дәрежеге жетті. Көкпекті ауылының тұрғыны Жәніс Қашқынбай осымен үшінші жыл қатарынан қант қызылшасын егумен айналысып келеді. Биыл ол 11 гектар жерге тәтті түбірдің тұқымын егіп, жайқалта өсіріпті.

Осындай шаруа қожалығының жетекшісі кәлпелік Ержан Мейзбаев та сегіз гектарға егілген

қант қызылшасын жинап алуға кіріскен. Қызылшаның шығымы жақсы болып, гектарынан 40 центнерден өнім аламыз деп жоспарлап отыр. Қос шаруашылықта техника

ТӘТТІ ТҮБІРДІҢ БЕРЕКЕСІ



сай құрылғылармен жаңартылса, «Ақсу қант зауыты» шикізат қабылдай бастады. Демек, былтырғы жылғыдай өнім қабылдауда қиындық туындамайды. Оның үстіне, қант қызылшасын сұрыптайтын германиялық құрылғылар уақытты тиімді пайдаланып, тез әрі сапалы жұмыс жүргізуге сеп болыпты.

«Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Әділбек Абағовтың айтуынша, жаз бойы зауыттың күрделі жөндеу жұмысына 200-ге тарта адам жұмылдырылған. Бұрынғы Кеңес одағы кезіндегі көнерген құрылғылар Швейцария, Германия, Украина, Ресей, тағы да басқа елден алынған заманауи жабдықтармен ауыстырылыпты. Сонымен қатар қант қызылшасы төглетін аланның тең жартысын цементпен қатырып, жаңартылған. Қант қызылшасын қабылдау қондырғылары Германияда шығарылған қуаттылығы жоғары екі құрылғымен толықтыпты. Олар күніне 2 мың тоннадан 6 мың тоннаға дейін қант қызылшасын қабылдауға қауқарлы.

— Зауыт биыл 250 мың тонна қант қызылшасын қабылдауға қауқарлы. Бүгінге дейін қолда бар техникамен шикізаттан 10 пайыз таза өнім алып келсек. Ал жаңартылған құрылғылар өнімнің сапасын арттырып, еңбек күшін үнемдеу, қант қызылшасын қабылдау мүмкіндігін жақсартады. Яғни алдағы уақытта жаңа құрылғылардың көмегімен қант қызылшасының әр тоннасынан 12-13 пайыз таза өнім алуға қол жеткізетін боламыз, — дейді зауыт директоры.

Көксу қант зауытына жақын мандағы төрт аудан еңбеккерлерінің шикізаты өткізіледі. Көксу ауданы әкімі Алмас Әділдің айтуынша, аудан бойынша 260 шаруа қожалығы қант қызылшасы шаруашылығымен айналысады. Олар биыл 1700 гектар жерге қант қызылшасының сапалы тұқымын сеуіпті. Сондықтан, гектар берекелігін 350 центнерден асырып, 60 мың тонна өнім алмақшы. Қазіргі таңда 500 гектар жердің қызылшасы жиналып, зауытқа өткізілген. Ауа райы қолайлы болса, қант қызылшасын жинау науқаны белгіленген уақытта бітеді.

Расында, бұрынғыдай адам күшімен емес, компьютермен жабдықталған заманауи зауыт қондырғылары кім-кімді болса да қызықтырады. Қызылшаны жуудан тартып, жармалап, езіп, пісіріп, ең соңында дайын өнімге айналдырып, оны қаптауға дейінгі

жұмыс жана технологияның күшімен атқарылуда. Тағаны бетондалған шикізат төгу алаңындағы германиялық техникалар бір ретте өнімді тазалау мен жинау жұмысын қатар атқарып тұр.

**«АҚСУ ҚАНТ ЗАУЫТЫ»
ӨНІМ ҚАБЫЛДАДЫ**

Он жыл бойы қанырап тұрған Ақсу қант зауыты ақыры іске қосылды.



Осыған дейін де аталған зауыттың биылғы қоныр күзде іске қосылып, жұртты сүйсіндіретіні туралы жаңалықты жыл басында жазған болатынбыз. Ол кезде қуанышты күннің болатынын ескертсек те, көңіліміз күпті еді. Өйткені, біздің өңірде айтылып, жазылып, соңында орындалмай қалатын жобалар жетерлік.

Бұл ретте, көктемде айтылған уәденің күзде орындалғанын көріп, ақсулықтардың қуанышына ортақтасып, көңіліміз марқайып қайтты.

мүмкіндігіміз жетеді. Тек бірлесе еңбек ету керек. Сонда ғана жоғары нәтижеге қол жеткіземіз, — деген еді облыс басшысы сеніммен.

Қаныраған зауытқа қан жүгіртпек болған «Энергосмост» консорциумының даму жөніндегі директоры Сәкен Мұратов: «Жоспар бойынша «Ақсу қант зауыты» жылдың соңына қарай іске қосылады. Ал қыркүйектің соңы — қазанның басында шикізат қабылдана бастайды. Жалпы, биылғы жылы 80-100

мың тонна қант қызылшасын өңдейміз деп жоспарлап отырмыз», — деп облыс әкімінің сенімінен шығатынына уәде етті.

Бірақ құрғақ уәдеге құлағы үйреніп қалған ақсулықтар бұған да сенімсіздік танытты. Дегенмен, біздің жұртта болашаққа үмітпен қарайтын жақсы қасиет бар. «Зауыт ашылмаса да жылдағыдай қызылшаны 200 шақырым шалғайдағы Көксуға тасып, төккен теріміздің өтеуін аламыз», — деген үмітін үкілетендерде табылды.

Ақсу ауданы Барлыбек Сырттанов ауылдық округінен келген «Дарина» шаруа қожалығының басшысы Бауыржан Баймұратовтың он гектар, «Мажик» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің қызылшашылары биыл 250 гектар алқапқа қызылша егіпті. Өнім шығымдылығы да жаман болмапты. Гектарынан 400-450 центнер өнім алған қос шаруа қожалығы бірінші болып, қызылша қабылдау пунктіне 80 тонна өнім әкелді.

«Өткен жылы Ақсу ауданы бойынша 1552 гектар қант қызылшасы себіліп, оның 1360 гектары өнім берген. Биыл облыс бойынша 9 мың гектарға қызылша себілсе, оның 1600 гектары ақсулықтардың еншісінде», — дейді Ақсу ауданының әкімі Әділбек Далбағасев.

Енді олар аттам жердегі зауытқа шикізат өткізіп, жылдағы шығынды пайдаға айналдыратын болады.

«Ақсу қант зауыты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының міндетін атқарушы Сәкен

айтканда, зауыттың мерзімінен кешіктірілімей іске қосылуына барлық жағдай қарастырылып, қант қызылшасын қабылдап, өнім өндіруге сакадай-сай дайындалған.

Енді бір айдан кейін қант қызылшасын қабылдау жұмысы аяқталып, зауыт алғашқы өнімді жұртқа көрсетпек. Жалпы биыл «Ақсу қант зауыты» жүз мың тоннаға дейін қант қызылшасы өңдейді.

Облыс әкімінің орынбасары Серікжан Бескемпіров «Шаруалар биыл қант қызылшасының әр тоннасын он жеті мың теңгеден өткізеді. Оның сегіз мың теңгесін зауыт төлесе, тоғыз мың теңгесін субсидия түрінде облыстық ауыл шаруашылық басқармасы өтейді. Минералды тыңайтқыш шығынының елу пайызы, гербицидтің қырық пайызы, тұқым шығынының жетпіс пайызы, сол сияқты суармалы су жеткізуге байланысты шығынның елу пайызы субсидияланады», — дейді.

Жылда жол шалғайлығынан шаш етектен шығынға бататын қызылшашылар биыл қалтасы қанттан түсетін қаржымен қалындайтынын сезінді. Мұны көріп, иелігіндегі қуықалы жерге соқа тісін тигізуге батылы жетпеген дикандар уәденің ақиқатқа айналғанын көріп, сандарын шапалақтап қалды.

ҚАРАТАЛДА ҚАРҚЫНДЫ ЕҢБЕК

Күзгі жиын-терін жұмыстары Қаратал ауданында қарқын алды. Тәтті түбір өсіруге ден қойған дикандар күздің әр күнін қалт жібермей, тиімді пайдалануда. Әсіресе, Айту би, Жолбарыс батыр ауылдық округтеріндегі еңбек адамдары қант қызылшасын жапырақтан тазартып, арнайы техникалардың күшімен қызылшаның шөбін шауып, түбінен ажыратып алып жатыр. Жиналған өнім жүк көлігіне тиіліп, қант зауытына жөнелтілуде. Алқапта үйілген қызылшаны көрген аудан басшысы жаңа инновациялық технологияның тиімділігі арқасында биылғы өнімнің мол болатынына сенім артты.

**ТҮЙІН:**

Қант қызылшасы жетісулықтардың төл дақылына айналғанын айтпасақ та белгілі. Осы тұста дүние жүзіндегі қант өндіретін елдердің тәжірибесіне көңіл аударсақ, көптеген мемлекетте қант қызылшасын үлкен көлемде өсірмейді. Олар азын-аулақ жерін үй жануарының қы арқылы тыңайтып, гектар берекелігін арттырып отырады. Өкінішке қарай, бізде тәтті түбір егілген жер аумағы көп болғанымен, өнімділігі тым төмен. Сондықтан тәтті түбір өсірудің технологиясын жақсартуымыз тиіс. Бұл тұрғы да шетелдік мамандардан емес, өзіміздің еңбекпен есейген ауылдағы ағайынның тәжірибесін де ескерген абзал. Өйткені, олар кешегі қол-көсір қызылша өнімін көзбен көріп, ала жаздай алқапта тер төккен тәжірибелі аға буын. Олар ел мен жердің жағдайына да толық біледі. Әсіресе, балтамырды бітік өсіруді отбасылық дәстүрге айналдырған еңбекқор аулеттердің санын арттырған абзал. Тағы бір айта кетерлігі, біздің елдегі қант зауыттары қант қызылшасының шикізаты біткен соң жұмысын тоқтатып, келесі өнім жиналғанша бірнеше ай қаңтарылып тұрады. Әдетте, шетел де қант зауыттарының жұмыс мерзімін ұзарту үшін қант қызылшасы таусылғаннан кейін қант құрағын шикізат ретінде пайдаланады. Жетісу өңірінде қант құрағын өсіруге қолайлы шұрайлы жер жетерлік. Біз осы мүмкіндікті неліктен пайдаланбасқа?

Қажет АНДАС,
Алматы облысы





Өнім

Жылына – 60
МИЛЛИОН ЖҰМЫРТҚА

Біраз жылдан бері Атырауда «Алмалы құс» фабрикасы жұмыс істеп келеді. Еліміздің Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде іске қосылған «Алмалы құс» фабрикасының қуаты бастапқыда жылына 30 миллион дана жұмыртқа өндіруге шақталған. Енді бұл көрсеткішті екі есеге дейін арттыру жоспарланып отыр. Жобаның құрылтайшысы — «Жігер» шаруа қожалығы.

Немістің өндіріс технологиясын пайдаланатын бұл фабрикада қазір 110 мыңдай құс өсіріледі. «Цехтың бірінде құстарға берілетін жем дайындалады. Биыл туған балапанның алғашқыда күндік нормасы 59 грамнан басталады. Ал отыз апталық әр құстың тәуліктік азығы — 106 грамм шамасында. Фабрикадағы құстардың күндік азығына түрлі белок, минералдық тағам қоспаларды қоса есептегенде, 12 тоннадай жем дайындаймыз. Сонда жылына қанша азықтың қажет болатынын есептей беріңіз. Неміс технологиясымен өсірілетін «Хайсекс Уайлд» кросс тектес бұл құстардың 97 пайызы жұмыртқа береді. Бұл — өте жоғары көрсеткіш» дейді фабрика директоры Виктор Пац. Оның айтуынша, дәруменді қоспалар негізінен Ресейдің Волгоград қаласынан әкелінуде. Ал жем еліміздің элеваторларынан жеткізіледі. Қазір құс өсірілетін бірінші цехта 59 мың құс бар.

Өнім үш санатқа бөлінеді

Өндірілетін жұмыртқа көлемі мен салмағына қарай үш санатқа бөлінеді. Мәселен, салмағы 45-55 грамнан басталатын өнім түрі 2-санатқа, салмағы 55-65 грамм аралығындағы өнім 1-санатқа жатқызылады. Ал жалпы салмағы 65 грамнан жоғары, яғни ірі жұмыртқа — «люкс» санатында. «Осындай жіктеуге байланысты,

«Атырау экономикасы мұнай мен газға ғана икемделген аймақ. Әрі кетсе, Атырауда балық шаруашылығы ғана дамуы мүмкін. Ал агросектор – бұл аймақта мүлде жоқ». Әрісі – кеңес заманы, берісі – тоқсаныншы жылдарда қалыптасқан осынау түсінік бүгінде өз-өзінен жойылды. Себебі Атырауда бүгінде ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып келеді. Қазір атыраулықтар ешкі сүтінен бастап, айран, ірімшік, сүзбе, сондай-ақ бау-бақша өнімдері, тіпті шұжыққа дейін жергілікті өнімді пайдаланып отыр.



шаруа қожалығының біріккен жобасы болып табылады. Жобаның 308,2 миллион теңгесі «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы тарапынан бөлінді.

Неміс технологиясы көмекке келуде

Құс фабрикасы жұмысының алғашқы баспалдағы — «Жігер» шаруа қожалығының Германияның Hellmann Poultry GmbH компаниясынан балапандар мен жұмыртқа басатын тауық өсіруге арналған жабдықтарды және қуаты сағатына 5 тонна жем дайындайтын құрылғы сатып алудан басталды. Осылайша, фабрика Свердловск асыл тұқымды құс өсіру зауытынан әкелінген Хайсекс Уайт тұқымды 53 мың балапанды баптауды қолға алды. Бүгінде Атырау облысына қарасты Махамбет ауданының Алмалы селолық округінде

Серік СӨРСЕКЕНОВ, Атырау облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары:

ЖЕРГІЛІКТІ ӨНІМ ИМПОРТТЫ ЫҒЫСТЫРУДА

Бұған дейін жұмыртқа негізінен шет мемлекеттерден және еліміздің оңтүстік өңірінен әкелінетін. Алдағы уақытта «Алмалы құс» фабрикасы жұмыртқамен қатар, құс етін өндіруді де жүйелі жолға қоймақшы. Көшенді шаруашылық жылына 10 мың тонна тауық етін сауда орындарына жеткізуді жоспарлап отыр. Бұдан бөлек, Жылыой ауданында орналасқан «Атырау сауда» қожалығы да тұрғындарды сапалы жұмыртқа өнімімен қамтамасыз етуге ықпал етуде.

«Атырау сауда» қожалығы жұмысын арнайы құс бағатын мамандар шақыртудан бастады. Осылайша, 2012 жылдың желтоқсанында Свердловск қаласынан алғашқы 53 мың бас балапан алынды. Балапандар 4 ай бағылып, 2013 жылдың 1 сәуірінен бастап Германия қаласынан алынған құрал-жабдықтармен, жаңа технологиямен салынған корпусқа 52 300 бас тауық көшірілді. Фабрика ашылған кезде құс жеміне кәсіпкер өз қаржысын жұмсаса, бүгінде тауық жеміне мемлекет тарапынан субсидия беріліп отыр.

өнімнің бағасы да әртүрлі. Әр жұмыртканың құны 8 теңге мен 14 теңге аралығында. Халықтың жергілікті өнімге деген сұранысы да жоғары. Құс өсірушілердің міндеті — тұтынушы тілегін қанағаттандыру, өнімнің сапалы әрі қолжетімді бағамен ұсыну», — дейді фабрика директоры Виктор Пац. Тағы бір айта кететін жәйт, фабрикадағы жұмыртқа беріп тұрған құстар белгілі бір мерзім өткен соң етке сойылады. Өндірістік жұмыс секторы толықтай автоматтандырылған технологиямен жұмыс істейтін фабрикаға, тіпті Германиядан арнайы өкіл келіп, құстардың өсірілу, азықтану, жеммен қамтамасыз ету, жұмыртқа дайындау, тұтынушыларға жөнелту процестерімен танысып, «Алмалы құс» фабрикасының жұмысына оң баға берген.

Жалпы құны — 680,73 миллион теңгеге бағаланған кәсіпорын «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы мен «Жігер»

орналасқан «Алмалы құс» жауапкерлігі шектеулі серіктестігі облыс тұрғындарын жұмыртқамен қамтамасыз етіп отырған бірегей құс фабрикасы саналады.

Кәсіпорын директоры Виктор Пацтың айтуынша, фабрикада орнатылған технологиялық құрал-жабдықтардың барлығы дерлік автоматты бағытта жұмыс жасайды. Әр балапан мен үлкен құстарды күтіп-өсіру, баптауға лайықталып микроклиматты орын жасакталған. «Жалпы алғанда, ауа алмасу, желдету, салқындату, құстарды суару және жемдеу құрылғылары, тағы да басқа құс өсіруге қатысты жабдықтар толықтай автоматтандырылған жағдайда жұмыс істейді. Жергілікті сапалы өніммен облыс халқын толық қамту мақсатында, біздің фабрика жұмыртқаны өңірдегі барлық аудан орталықтары мен елді мекендерге, жергілікті сауда орындарына дейін тасымалдап, алыс аймақтағы тұтынушылардың

қызығушылығын тудыруда. Аталған жоба қолға алынған кезеңде жылына 30 миллион дана жұмыртқа өндіру


бағамен алуға жол ашпақ. Аталған межелер жүзеге асқан жағдайда, қосымша 120 жұмыс орны ашылып, әлеумет әлеуеті арта түспек.

Фабриканың технология Асылбек Сәрсенғалиевтың айтуынша, бүгінгі күні фабрикада 236 300 тауық бар. Оның 60 800-і —



«ҚАРА АЛТЫНҒА»

ҚАРАП ҚАЛМАЙ...



жоспарланғанымен, халықтың сұранысына орай, өндіріс қуатын 60 миллионға дейін арттыру жоспарланып отыр. Аталған межеге қол жеткізу мақсатында, жүйелі жұмыстарды қолға алу үстіндеміз. Кәсіпорынның өндірістік және экономикалық мүмкіндіктерін арттыру мақсатында, құс өсіруге арналған бағу-күту нысандары қолға алынууда. Оған қажетті құрал-жабдықтар «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы арқылы сатып алынды. Жобаға сәйкес, жылына айналым бойынша 200 тоннаға жуық құс еті өңделеді деп күтілуде», — дейді Виктор Пац.

Қалдықсыз өнім өндіру

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру — фабрика басшылығы басты назарда ұстап отырған негізгі мәселенің бірі. Сондықтан кәсіпорын өндірілетін өнім көлемін арттырып, шығынсыз жұмыс жасау бағытында да нақты қадамдарды іске асыруда. Қалдықсыз өнім өндіру қағидасы — әшейін айтылған сөз емес. Бүгінде фабрика құс етін өңдегеннен кейінгі қалдықтардан құрама жемге, рационға қосу үшін ет-сүйек ұнын жасау цехын іске қосуды жоспарлап отыр. Бұған қоса, құс қиынан органикалық қоспа, яғни тыңайтқыш жасау жоспарда бар. Бұл егін шаруашылығымен айналысатын жергілікті шаруаларға тыңайтқышты алыстан іздемей, жергілікті өнім ретінде пайдалануға, арзан

Виктор ПАЦ, «Алмалы құс» фабрикасының директоры:

ШАЛҒАЙ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДІ ДЕ ҚАМТИМЫЗ

Жалпы алғанда, ауа алмасу, желдету, салқындату, құстарды суару және жемдеу құрылғылары, тағы да басқа құс өсіруге қатысты жабдықтар автоматтандырылған жағдайда жұмыс істейді. Жергілікті сапалы өніммен облыс халқын толық қамту мақсатында, біздің фабрика жұмыртқаны өңірдегі барлық аудан орталықтары мен елді мекендерге, жергілікті сауда орындарына дейін тасымалдап, алыс аймақтағы тұтынушылардың қызығушылығын тудыруда. Аталған жоба қолға алынған кезеңде жылына 30 миллион дана жұмыртқа өндіру жоспарланғанымен, халық сұранысына сай, өндірістік қуатты 60 миллионға дейін арттыру жоспарланып отыр.

балапан. Фабрикада күніне 160-165 мың дана жұмыртқа өндіріледі. Бұл бір айдың ішінде 5 миллион дана жұмыртқа сатылымға жіберіледі деген сөз. Жұмыртқа облыс орталығынан Бөлек, Илдер, Махамбет, Жылыой, Мақат аудандарына да арзан бағамен босатылуда. Бүгінде фабрика азық-түлік бағасын тұрақтандыру мақсатында іске қосылған Атырау қаласындағы «Сарайшық» коммуналдық базарымен тұрақты байланыс орнатқан. Мұнда арнайы сату нүктесі бар. Айта кетелік, коммуналдық базарда жүз пайыз жергілікті ауыл шаруашылығы өнімдері сатылады. Әсіресе, демалыс күндері коммуналдық базар ұзын-сонар кезектен арылмайды. Сонымен қатар «Алмалы құс»

қамтамасыз етуге арналған екінші жоба. Біраз бұрын Құлсары қаласында жылына 20 миллион дана жұмыртқа беретін шаруашылық ашылған болатын. Алайда ол шаруашылық облыс тұрғындарының қажеттілігін 13 пайызға қанағаттандырып отырды. Ал «Алмалы құс» кәсіпорны бұл көрсеткішті едәуір арттырады», — дейді мамандар.

Қалай десек те, құс фабрикасының тиімді екені анық. Біріншіден, бұл өндіріс азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге үлесін қосуда. Екіншіден, өнім бағасы сырттан тасымалданатын тауық жұмыртқасымен салыстырғанда едәуір арзан. Үшіншіден, ауылда жаңа жұмыс орындары пайда болды.

Агроинновация

Экономиканы әртараптандыру, соның ішінде Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың агросектор саласын әлемдік деңгейге көтеруді міндеттеуі Атырау облысында баламасы жоқ ешкі фермасының ашылуына себеп болды.

«Сарайшық» асыл тұқымды ешкі шаруашылығы» ЖШС үшін «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ жұмсалатын шығынның 49 пайызын, кәсіпкер Владимир Розметов басшылық ететін «Атырау-АгроӨнімдері» ЖШС 51 пайызын өтеуге келісіп, құны 600 млн теңгеге бағаланған жоба жұмысының нәтижесі көп күттірген жоқ.

«Сарайшық» асыл тұқымды ешкі шаруашылығы» жеке серіктестігі «АтырауАгроӨнімдері» шаруа қожалығының жетекшісі Владимир Розметовтың айтуынша, ешкі — өсімтал мал. Бұл фермада алғашқы жылы 180 тонна ешкі сүті өндіріліп, 140 тонна ешкі сүтінің өнімі шығарылады деп жоспарланған. Шаруа қожалығы бүгінде бұл межені бағындырды. Ешкілерден тәулігіне 3 тонна сүт сауылып алынады. Ешкі сүтін, емдік сарысу, айран, йогурт құятын арнаулы құттың өзі осы ферманың өзінде дайындалады.



Ешкі сүтінің майлылығы — 3,2 пайыз. Барлық өнімнің құтыларында тауар белгісі бар.

Бұл шаруашылықтағы басты артықшылық — өнімнің табиғи таза сүттен дайындалуы. Құрамында консерванттар мен химиялық қоспа болмағандықтан да, еліміздің нарығында ешкі сүті өнімдеріне деген сұраныс өте жоғары. Бұған жыл сайын Астана қаласында ұйымдастырылып жүрген ауыл шаруашылығы жәрмеңкелерінде куә болып жүрміз. Шаруашылықта

сүт өнімінің жеті түріне қосымша тағы да өнім түрлерін қосу тәжірибесі жасалуда. Мәселен, ірімшіктің тағы да бірнеше түрін көбейту жоспарда бар.

Қазақстанда тұңғыш ашылған ешкі фермасы бүгінде ешкі сүтінен өндірілетін өнім түрлерінің қазіргі сауда сөресіндегі жиырмаға жуық түрін еселеп көбейтуді ойластырып отыр. Емдік қасиеті ұшан-теңіз ешкі сүті мен одан жасалған өнімдер бүгінде әлемдік нарықта үлкен сұранысқа ие тауарға айналууда.

ТАУАРЛЫ СҮТ ӨНДІРУ КЕШЕНІ

Сүт өнімдері дегеннен шығады, «1 мамыр» тауарлы-сүт өндіру кешені де Атырау өңіріндегі бірегей жобалардың қатарынан саналады. 500 бас голландиялық асыл тұқымды (*голландия-фриз*) мүйізді ірі қара малын бағып-күтіп, өнім өндіріп отырған тауарлы-сүт фермасы Махамбет ауданына қарасты Бейбарыс селосында орналасқан. Осыдан тура үш жыл бұрын пайдалануға берілген тауарлы-сүт фермасында сиыр сүті екі жылдан бері толассыз өндірілуде.

Бүгінде бір мыңға жуық сиыр малының 450 аналығы сауылып, әр сиырдан 18 литр сүт алынады. Малды бағумен бірге, одан сапалы өнім алу мәселесі де бар. Қашанда сапаға жұмыс істеуді әдетке айналдырған фермерлер сүттің сапасы мен майлылығын арттыру мақсатында, мал көрегін де ерекше назарда ұстап келеді. Қанша дегенмен, басқа

табиғат жағдайында өсіп-өнген шетелдік асыл тұқымды ірі қара ерекше күтімді, ыждағаттылықты талап етеді. Бүгінде фермерлер осы талап үлесінен шығуда.

Табиғи сүтті өңдейтін кешен бүгінде айран, каймақ, ірімшік және басқа да дәрумендерге бай сүт өнімдерінің он түрін шығаруды қолға алды.



Кешен салаға заманауи озық технологияларды енгізу ісінен де кенде қалып көрген емес. Жергілікті атқарушы биліктің қолдауымен, «1 мамыр» серіктестігі тауарлы-сүт өндіру кешені түгелдей автоматты жүйеге көшірілді.

Соның нәтижесінде өнім көлемі артып, алыс құрлықтан әкелінген асыл тұқымды ірі қара алғашқы өнімін бере бастады. Жаңа технологияның артықшылығы — сауылған сүт тікелей сүт қоймасына түтік арқылы барлады. Сапасы бұзылмайды. Бұрын 500 сиырды сауу үшін ондаған сауыншы қажет болса, қазір оны үш-ақ адам атқарып отыр, яғни жүйе толық автоматтандырылған. Экологиялық таза өнімдерге жергілікті тұтынушылар тарапынан сұраныс та жоғары.

Бетті дайындаған Баян АТАЙМАНҚЫЗЫ, Атырау облысы


Шаруа

Зерттеулер нәтижесі бойынша, күніне 1 миллиард адам жаңғақ өнімін тұтынады. Бұл сан 2025 жылы 2 миллиардқа жетеді деп межеленуде. Сондықтан, «Интеграция» халықаралық қоры «Жидек – 2050» жобасы аясында Алматы облысында жаңғақ өсіруді мықтап қолға алды.

Дүниежүзі бойынша 75 мемлекет жаңғақ өсірумен айналысады. Әсіресе, Қытай, Үндістан, Араб елдері бұл жемістерді көп тұтынады. Солардың қатарында Италия алдыңғы орыннан көрініп келеді. Жетісу жеріне арнайы іссапармен келген Besana дүниежүзілік жаңғақ өсірушілер қауымдастығының төрағасы Жүзеппе Калькани «Менің жаңғақ өсірумен айналысып келе жатқаным жарты ғасырдай уақыт болды. Осы уақыт ішінде көптеген тәжірибе жинақтадым. «I.N.C» атты арнайы зерттеу орталығымыз бар. Онда 400-ден аса ғалым жұмыс істейді. Көбінесе басқа елдерге италиялық тәжірибені тарқатамыз», — дейді.

Әрине, жаңғақ бізге тансық емес. Естеріңізге сала кетсек, үстіміздегі жылдың көктемінде дәл «Интеграция-Түрген» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 20 гектар алқапқа алғаш рет әлемге әйгілі элиталы жаңғақ көшетін отырғызған еді. Бұл — «Интеграция» халықаралық қоры мен Besana компаниясының бірлескен жобасы. «Бұл алқапқа тәжірибе ретінде

жаңғақ өнімдерін экспортқа шығаратын мемлекеттердің қатарында болатынына кәміл сенемін», — дейді «Интеграция» халықаралық қорының төрағасы Сергей Терещенко. «Интеграция-Түрген» ЖШС-нің



жүгері жинау науқанына қызу кірісті. «Дала аруын» баптаудан данқы шыққан дикандар биыл 158 мың тоннадан астам жүгері дәні жинаймыз деп отыр.

«Өңірде жүгері жинау науқаны техника күшімен атқарылуда. Биыл аудан бойынша жалпы 90 жүгері оратын комбайн, 654 трактор әзірленген. «Дала аруы» өнімін жинау жұмыстары жаппай басталған ауылдық округтердің егістік алқаптарында жалпы 81 комбайн, 360-тан астам адам жұмыс істеуде. Басқа ауыл шаруашылығы техникалары дикандардың сұранысына қарай наукандық жұмыстарға қолданылуда», — дейді Панфилов аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Қуандық Мұсабеков.

Аудан бойынша ауыл шаруашылығы техникаларына жалпы 1558 тонна жанармай қажет болса, бүгінде соның мың тоннасы жанармай құтын бекеттері бар 7 округте арнайы құтыларға құйылып, дайындалған. Жанармайдың 1136 тоннасы дикандарға жеңілдетілген бағада берілуде.

директоры Мәншүк Жексембекованың айтуынша, 20 гектар алқаптың 10 гектарына грек жаңғағы, қалғанына фундук көшеттері өсірілген. Мұнда тамшылатып суару әдісі қолға алынған.

Алқапта арнайы метеостанса жұмыс істеп тұр. Ол жердің және ауа райының ығалдылығын бақылап тұрады. Грек жаңғағы 5 жылдың ішінде, ал фундук 3 жылда жеміс беретін көрінеді.

Демек, жоба ойлағдай жүзеге асса, үш жылдан кейін жергілікті жаңғақ өнімін тұтынып, шетелден ағылатын жаңғақтың мөлшерін азайтып, сыртқа шашылатын қаржыны үнемдейміз.

Болжам бойынша жетісулықтарды жүгері де жүдетпейтін сияқты. Биыл жаркенттік дикандар жалпы 25785 гектардан астам алқапқа жүгерінің түрлі сұрыпын өсірді. Сол өңірдің шаруалары қазір

Демек, жүгерінің өнімі жаман болмайын деп тұр. Әсіресе, жаркенттіктер Шығыс, Батыс аймақтарға керекті жүгерінің сортты тұқымын өсіруге де ден қойған. Өнім ішкі сұранысты қанағаттандырып қалмастан, басым бөлігі экспортталады.

Алайда жеміс өсіретіндердің қабағына ұялаған кірбін жылдар бойы тарамай келеді.

Биыл 1100 гектар жерге бак отырғызып, тамшылатып суару әдісімен мол өнім алуды жолға қойған атақты «Жаркент-Фрукт» ЖШС-нің шабдалына сұраныс көп. Алайда Еңбекшіқазақ ауданының «Сапар» шаруа қожалығының иесі Ақлима Айтжанованың айтары басқа.

— Шаруа қожалығымызда 12 гектар жерге алманың 24 сорты өсіріледі. Жыл сайын Алматы қаласында өткізілетін «Алма» фестиваліне қатысып, 1-орынды иеленіп келеміз. Бірақ осы алманы тұрақты түрде сататын қолайлы жер таппай жүргенімді несіне жасырамын?, — дейді ол. Иә, өңірімізде кәсіпкерлік өрістеп келеді. Бірақ кейбір кедергілерде жоқ емес. Сондықтан, кездескен кемшіліктер дер кезінде шешімін тауып отырса, жерлестерімізге үлкен демеу болары анық.

Есен

Алайда Алматы облысындағы көмір бағасы соңғы екі аптада 26 пайыздан 30 пайызға дейін қымбаттап кетті. Талдықорған қаласындағы 12 көмір сататын орынның 8-і жұмыс істеп тұр. Бірақ көмір сатушылар ойына келген бағаны қақпаға іле салудан именбейтін болып алған. Бүгінгі баға көрсеткіші бойынша көмірдің әр тоннасы Карасай, Ескелді, Қаратал, Көксу аудандарында 14 мың, Жамбыл мен Талғар ауданында 16 мың, Ақсу, Сарқан аудандарында 17-18 мың, ал алыс ауылдарда 20 мың теңге айналасында сатылуда. Салыстырмалы түрде айтатын болсақ, ерте көктемде туылған қозының қара базарда құны 15 мың теңгенің айналасында. Ендеше, бір аша тұяқтының құны бір тонна көмірдің бағасына

парпар немесе жетпей қалды. Осыдан-ақ, төрт түліктен напақа айырып отырған жерлестеріміздің ала жаздай төккен тері алты ай қыста аядай үйді жылытуға жұмсалатын түрі бар. Ал облыс бойынша ең арзан көмірден Райымбек ауданының тұрғындары игіліктенуде. Өйткені, олар биыл аудан аумағындағы Ойқарағайдың көмірін тұтануды бастап кетті. Іргесінде көмір кені жоқ аудандар тағы да қатты отынды алыстан арбауға мәжбүр. Ескелді ауданының әкімі Бағлан Сағындықұлы «Ескелді ауданындағы «Хильниченко и К» сенім серіктестігі өз қарастылығындағы жұмысшыларға көмірдің әр тоннасын 11,5 мың теңгеден тасып беруде. Ал жекеменшік көмір сатушылар осы аудан тұрғындарына 14,5 мың теңгеден сатып жатыр. Былай қарағанда, екеуі де бір жерден тасылды. Ал бағасы әр алуан», — дейді. Қазан айы бастала дауылдапты, нәсерлетіп жеткен суық ауа ағысы тау қаласы Текеліні қасат қармен қымтап тастады. Осыған орай, Текелі қалалық әкімдігі 1-ші қазаннан бастап

коммуналдық нысандарға жылу беруді бастап кетті. Ал қолында қаражаты болмағандықтан, уақытында көмір түсіре алмаған қала маңындағы тұрғындар пешке қара ағашты бұтап жағып, дірдектеп отыр. Үкіметтің 3 қазанда өткен кезекті отырысында ұлттық

монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің аумақтық департаменттері қадағалап отыратынын бәріміз білеміз. Қатты отын бағасының күрт өсіп кеткенін сала мамандарынан сұрап көрген едік. Табиғи монополияларды реттеу

ҚЫСТЫҢ ҚАМЫН ЖАЗ ОЙЛА



экономика министрі Тимур Сүлейменов жыл басынан бері республикада инфляциялық үдерістердің баяулағаны байқалғанын баяндай келіп «Биыл қыркүйек айында инфляция 0,3%, ал жалпы жылдың басынан бері — 4,2% құрады», — деп атап өтті. Сонда өңірдегі көмір бағасының осыншама өсіп шыға келгені инфляцияға түкте әсер етпегені ме? Демек бағаның аяқасты қымбаттап кеткенін тезірек анықтап, мәселенің мәнін табу керек.

Әрине, мезгіл сайын сан құбылып отыратын баға мәселесін ұлттық экономика министрлігі табиғи

және бәсекелестікті қорғау комитеті Алматы облысы бойынша департаментті басшысының орынбасары Айгүл Ырысбаева «Біз өткен демалыс күні Талдықорған қаласындағы 12 көмір сату орын аралап, баға мәселесін тексеріп шыққанбыз. Қазір әр тонна көмірдің тоннасы 13-13,5 мың теңгеден сатылып жатыр. Жағ бойы осы бағамен саудалануда. Алыс ауылға тасымалдағандар қосымша көліктің ақысын қосып, бағаны шамалы көтеруді заңды. Бірақ бізге баға тым жоғарылап кетті деген шағым әлі күнге түскен жоқ», — дейді.

ӨҢІР

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



7

Науқан

Сондай ұжымның бірі — Кеңдала ауылдық округінде орын тепкен «Шульгин» жеке қожалығы. Жалпы аумағы 64 гектар жерге танқурай егіп, өсіруді қолға алған шаруашылық биыл мол өнім алды.

Шыбық қадаса, жайқала кететін Талғар топырағында жемістің алпыс атасы өседі десек, еш әсірелегендік емес. Осыған орай, соңғы жылдары өңірде ауыл шаруашылығының дәстүрлі емес бағыттарын дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Оған кейбір шаруашылықтардың жүзім мен таңқурай өсіріп, мол өнім алып отырғандығы дәлел.

өсірушілер биылғы маусымда мол өнім алып, қуанышқа кенелген. Өйткені жұмысының жемісін көру — дала төсінде тер төгіп жүрген еңбек адамы үшін үлкен жетістік. Танқурай өсіруге ниеттенген

ТАҢДАЙҒА ТАТЫМДЫ ТАҢҚУРАЙ

Сөйтіп, еселеп төккен ащы тердің тәтті дәмін татты. Әдетте жеміс тамыз айында пісіп, жинау жұмыстары да осы мезгілде қарқын алатын болса, мұндағы қызу тіршілік күздің алғашқы айы — қыркүйекте де бәсенсімеді. Себебі Польшадан әкелініп, жерсіндірілген таңқурайдың «Полка» сұрпы күзде де үзбей өнім беретіндіктен, алқапта 30-ға жуық адам әлі де еңбек етуде.

Бригада жетекшісі Мейіргүл Маханова «Біз Еңбекшіқазақ ауданынан қатынап жұмыс істейміз. Танқурай жинау үшін ерен еңбек, төзім мен ептілік керек. Мұндай шаруаны атқару екінің бірінің қолынан келе бермейді. Наукандық жұмыс қызған шақта әрбіріміз шамамен 30-40 келіден өнім жинап өткіздік. Қазір өнім азайғандықтан, күніге жиятын танқурай мөлшері 10-15 келіден ғана айналуда. Жаксы піскен танқурай тез әрі оңай жиналады. Еңбекқақымызды жиган өнімінің мөлшеріне қарай аламыз», — дейді.

Тамшылатып суару әдісін пайдаланып отырған танқурай



кәсіп иесі Александр Шульгин де өзі жетекшілік ететін қожалыққа қарасты алқапты күтіп-баптап, таңқурайдың жаңа сортын жерсіндіріп өсіруге бар күш-жігерін жұмылдырды. Нәтижесінде алғашқы жылдың өзінде 60-70 тонна өнім алды. Өсімдіктің бұл түрінің жемісті көп беретіндігіне көз жеткізді. Маусым ішінде бірнеше мәрте өнім алынды.

Айта кетерлігі, таңқурайды егістік алқабының басынан сауда нүктелеріне жөнелткенге дейін тонналап сактауға арналған арнайы мұздатқыш та қойылған. Күзгі жиын-терін жұмыстары аяқталған соң, шаруалар келер жылдың қам-қарекетіне кіріспек.

Мгі ic

Ұлттық тағамдарымыздың бірі — талқан бәрімізге жақсы таныс. Оны еңбектөген баладан еңгөйген қартқа дейін сүйсініп жейді. Дәмі қандай, тіл үйіреді! Бұл өнімнің құрамында тек табиғи таза дәнді дақыдар ғана бар.

Солай бола тұра, бүгінгі таңда қалалықтар тұрмақ, далалықтардың да дастарқанынан талқанды көп кездестіре бермейсіз. Өйткені, талқан тапшы. Оны кез келген дүкеннен сатып ала алмайсыз. Тек базардан ғана табасыз. Осындайда, шіркін, егер осы ұлттық өнім барлық дүкен сөресінде тұрса ғой деген ой келеді.

Бұл ойымыз бізді алдамапты. Жақында арнайы қаптамадағы «Талқан» деген жазуы бар өнім қолымызға тиді. Ашып көрдік. Ата-бабамыздан келе жатқан таныс дәм. Қуанышымызда шек болмады. Бәріміз де сүйсіне жедік. Сонымен, осынау ұлттық

ары қарай жалғастыру біздің еншімізде қалды. Қолымыздан келгенше інім Думан екеуіміз осы істі алға апарсақ деп әрекет етіп жатқан жайымыз бар, — дейді Нұрлан Санатұлы.

Нұрлан да қаржы саласының маманы. Әке жолын қуып Алматыдағы Т.Рысқұлов атындағы экономика университетін тәмамдапты. Біраз жыл қаладағы университетте жұмыс істеген. Ал қазір ол басқа жұмысты ысырып қойып, тек талқан шығарумен айналысуда. Қиын да болса кәсіпкерлік жолды таңдады.

— Біз шығарған өнімнің құрамында бес түрлі дән бар. Атап айтсақ, олар — бидай, сұлы, тары, жүгері және арпа. Аталған өндіріс орнында жеті адам жұмыс істейді. Барлығы да өз ісінің мамандары. Мұндағы құрал-жабдықтардың дені Оңтүстік Кореядан әкелінген. Ен бастысы, Шелектің талқанына деген жұртшылықтың ықыласы өте жақсы, — дейді ол нық сеніммен.

«Талқанның» өзіндік ерекшелігі — дәнді дақылдарды қауызымен бекітіріп дайындау әдісінде жатыр. Үш күн бойы арнайы құрылғыда

ШЕЛЕКТІҢ ТАЛҚАНЫ

тағамды ұлықтап жүрген кәсіпкер кім болды екен?

Ол — Шелек ауылының тұмасы Нұрлан Жүмәділов. Отыздан енді асқан жас жігіттің мұндай игі істі қолға алып жатқанына жұртшылық дән риза.

«Жаксыны көрмекке» дегендей, аталған елді мекенге атбасын бұрдық. Нұрланмен емен-жарқын әңгімелесіп, көп нәрсені көңілге түйіп қайттық.

— Әдеттегідей үй-ішімізбен күнделікті түскі асты ішіп отырғанбыз. Теледидар қосулы

тұр. Телеарналардың бірінен түрлі халықтың тағамдары туралы хабар көрсетіліп жатты. Сонда шетелдіктердің өз ұлттық тағамдарына ерекше құрметпен қарайтынын білдік. Олар сондай өнімдерді арнайы патенттеп, әлемдік нарыққа шығаруға кең жол ашады екен. Бұл көрініс бізді қатты ойландырды. Сөйтіп, талқан шығару туралы алғашқы идея тулы.

Ол мәселені әкем Санат көтерген болатын, — деп бастады әңгімесін Нұрлан. Иә, Санат Жүмәділов ағамыздың есімі Шелек жұртшылығына кеңінен таныс. Талай жыл осында «Қазкоммерцбанк» аймақтық басшысы қызметін абыроймен атқарды. Өз ісінің білгірі, көпшіл, қайырымды азамат ретінде елдің есінде қалды. Ол кісі нағыз ұлтжанды азамат еді. Банкир болса да рухани әлемге терең бойлайтын. Халқымыздың ұлттық құндылықтарын ерекше құрмет тұтатын. Оған өзіміз де кезінде талай рет куә болғанбыз. Ақын-жазушылар, әртістер, әншілер, мәдениет қайраткерлері Санат ағаның шаңырағына соқпай кетпейтін. Бәрімен қауышып, мөре-сәре болатын. Біз әңгімелесіп отырған ағамыздың ұлы Нұрлан да сондай тәрбиені көріп өсті.

— Сонымен ісіміз сәтiмен жалғасты. Ең алдымен, өзіміз жасаған өнімге арнайы патент алдық. Оны Қазақ тағамтану академиясы бекітті. Ендігі кезекте қаптаманың сыртқы дизайны қалай болады деген сұраққа жауап іздедік. Ол да табылды. Өнім ұлттық болған соң оның сырты да соған сай нақышта болуы керек. Бұл істі әкем қолға алды. Нәтижесі бәріміздің көңілімізден шықты.

Арнайы қаптамаға салынған талқанды алғаш рет қолымызбен ұстаған сәт әлі есімде. Сол күні әкем ерекше қуанды. Қазір жазмыштан озмыш жоқ. Әкеміз ауырмай-сырмамай кенеттен дүние салды. Бұл қаза бәрімізге ауыр тиді. Енді әкемің арманын



қауызымен тұрған дәндердің бойына макро және микроэлементтер толықтық сінеді. Сондықтан, мұндай талқанның ағзаға тигізетін пайдасы мол. Өнімді сатып алған тұтынушының құнарлы талқанды бірден сүтке, айранға немесе шайға араластырып ас ретінде пайдалана беруіне болады. Қаптамадағы талқан бір жылға дейін өзінің құнарын жоймайды. Қаптаманың сыртында талқан туралы толық мәлімет бар. Бір сөзбен айтқанда, өзімізге де,

өзгеге де ұялмай көрсететін заманауи ұлттық өнім. — Бірде қызық болды, ауылдағы дүкеннен шығып келе жатқан екі оқушыны кездестірдім. Қолдарына қаптамадағы қытай кеспесін ұстап алыпты. Өлгіні екеуі аша салып құрғақ күйінде асап жатыр. Дерек қастарына жүгіріп барып, қаптамаларды жұлып алдым. Оның зияны шаш етектен екенін айтып әлек боп жатырмын. Құрғақ күйінде жеу одан да жаман. Соны оларға түсіндірдім. Ессесіне, өзім шығарған «Талқанның» екі қаптамасын теріс ұсындым. Соның арқасында әлгі балалардың егесінде алқ қытай кеспесінен талқанға ауысқаны бар. Несін жасырамыз, қазіргі таңда балалардың жоғарыда айтқан сапасы төмен жасанды шетелдік өнімдерге әуестігі артып барады. Соған талқан секілді дәмдер арқылы тосқауылдар қоюға болады деп ойлаймын.

Ұрпақтардың дені сау болса деп тілеймін. Олар — жарқын болашақтың кепілі. Сондықтан да әлемдік бәсекеге қабілетті ел боламыз десек, дұрыс тамактануды қалыптастыру қажет. Ал ол үшін не істейміз деп бас қатырудың қажеті шамалы. Өзіміздің ұлттық тағамдарды көптеп шығарғанбыз жөн. Сонда ғана біз дүкен сөрелеріндегі шетелден келген жасанды, тегі күмәнді өнімдерді ысырып тастай аламыз, — деп Нұрлан әңгімесін аяқтайды.

Бабаларымыз айтқандай. «Бірінші байлық — денсаулық». Оның берік сақталуына қайраткер де, кәсіпкер де мүдделі. Ортақ іске өз үлестерін қосуға міндетті. Бұл қолымыздан келетін шаруа. Соның бір дәлелі ретінде Шелектің «Талқанын» айтсақ жеткілікті. Ендеше, оны көп болып неге қолдаймыз?! Ұлттық өнімнің бізге де, бізге де пайда әкелетіні анық.

Бетті әзірлеген Қажет АНДАС, Алматы облысы



Студент кездегі достарым өте әзілқой, қалжыңбас болды. 1-курс бітіргеннен соң Ұлту екеуіміз отау құрдық. Жатақханада тұрдық. Курстастардың барлығы бізге келіп, бірге тамақ ішетін. Неге екенін білмеймін, тамақ дайын болған кезде барлығы бөлмеге кіріп келеді. Кайдан ғана біліп қойды деп аң-тан болып отырамыз. Қажыбай Жахин, Ғалымжан Серікбаев деген достарымызбен бір бөлмеде тұрдық. Сонда Қажыбай Біржан Салдың «Айбозым» деген әнін өте керемет орындайтын. Ұлту тамақ пісіре бастағанда, Қажекен жанағы әнінің бірінші шумағын айтады. Осылайша, басқа бөлмедегілерге белгі кетеді. Мұны естігендер «Е-е тамақ пісіейін деп жатыр» деп түсінбей отырамыз. Кейде 2-3 адамға ғана арнап тамақ жасайтын кездері болады. Осылайша аз болса да, көп болса да бөлісіп, асты асап аламыз. Олардың бұл аяласын кейін естіп, әбден күліп алдық.

Мен де «Қожа» болғанмын

Бала кезімде өте тентек болдым. Анам «жаксы бала болғаның» — деп жұбатып қояды. Бірақ қайдан. Ылғи ертегісін барлығы ұйқыда жатқанда жорыққа шығамын. Рогатқамды қолыма алып, торғай қуалаймын да жүремін. Бір күні қызығына беріліп кеткенім соншалық, тіпті терезе сындырғанымды да байқамағанмын. Сөйтіп, мектептің бүкіл терезесін сындырып тастаппын. Директорымыз мұғалімдерді жиып алып, үйде жиналыс жасады. Бір ғана терезе

30 жылдан бері қазақтың халық өндері мен дәстүрлі өндерін кеңінен насихаттап жүрген Рамазан Стамғазиев «Елу жас - адамның сергіп, ысып немесе тоңып жүрген кезі емес. Әдемі күздің салқыны, сары жапырақ пен бірге сылдырлап өуезді өннің де жүректен төгілуі» — дейді бізге берген сұхбатында. Алматыда «Күзгі өуен» атты жеке шығармашылық көшін өткізгелі отырған жезтаңдай өншінің бала кезінде бастан өткерген қызықты оқиғаларын назарыңызға ұсынамыз.

келе жаттым. Қолымда фонарик. Құлағына жағып ойнап келе жаттым. Бір кезде тоқтатып алдым да, «Сен мықтысың ғой, құлағым мұздап кетті, маған малакайынды берші» — дедім. Мен ше? — деді. Сосын мен оған «тура жанағыдай шам жағып жүремін артыңнан» —

Рамазан
СТАМҒАЗИЕВ, әнші:



Әнмен берілген белгі

сындырғанымды емес, қара есегіме мініп алып, баталарды ұрғанымға дейін айтып, тізіп берді. Қожа секілді басым салбырап, кешірім сұрадым. Ертесінен әкем екеуіміз мектептің терезелерін салып берген болатынбыз.

Аңқау досымды алдым

Ауылыммен мектебімнің арасы тым ұзақ болды. Бір дөң асып барамыз. Бауыржан деген аңқау досым бар еді. Мақтап қойсаң бітті, кез келген сөзіне көне кетеді. Өзінің денесі де ірі. Қыста қар жауғанда соның басқан ізімен жүріп барамыз. Басқа жер, тіпті белден асады. Бір күні мен соңынан еріп



дедім. Содан оған айтқан мақтау сөзім өткен болуы керек. Тымағын бере салды. Жаураса да, намысқа тырысып менен сұрамайды. Міне, осылайша қақаған қыста 3 шақырым жаяу жүріп бардық. Ал ертесінен сабаққа келсек, Бауыржан келмей қалыпты. Не болды екен дестік бәріміз. Сөйтсек, құлағы ауырып үйінде жатыпты. Кейіннен маған «Сен не деген қусын? Кәлімгідей саған алданып қалыппын ғой» — деп күледі.

Дайындаған Салтанат
ШЫРЫНХАН



Көкжиек

Альпі тауының етегіндегі елдер туризм, қысқы спорт түрлерімен ғана емес, ауыл шаруашылығы өнімдерімен де әйгілі. Әсіресе, жүзім өсіру — атакәсіп. Тәтті жүзімнен дәрі-дәрмектен бастап, шырын мен шараптың түр-түрін шығаратыны белгілі.

Сырттан саяхатшы тартуда әлемде алдыңғы қатарда тұрған Аустрия да осы саланың әлеуетін



пайдалану арқылы туристік фирмалар мен фермерлік қожалықтардың шетелдермен байланысын жандандыруды қолға алмақшы. Осы Қазақстандағы елшілігіндегі сауда аташесі Михаэль Мюллердің айтуынша, бұл істің көкжиегі кең. Осы мақсатпен Алматыда аустриялық шараптарды біздің нарыққа таныстыруға арналған басқосу өткізілді. Ерлі-зайыпты Анна және Филипп Оберауэрлер Аустрия сауда палатасы арқылы жүзім өсірушілердің өнімдерін біздің мамандардың талғамына ұсынды. Алматыда туып-өскен Анна осы саланы зерттеп жүргенін айта келе, осылай екі ел арасындағы сауда-экономикалық қарым-қатынасты жандандыруға күш салғысы келетінін мәлімдеді.

Теніз ТАСЫБЕК

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ
Бас редактордың бірінші орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Бейбіт ТОҚТАРБАЙ, —
Астана қаласындағы меншікті тілші

Әбдіманап КЕҢЕС — жастар және ғылым
Салтанат ШЫРЫНХАН — арнаулы тілші

Руслан ДОСТАЕВ — web-редактор

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және
Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16)

Мейішбай СҮМЕСІНОВ — Атырау облысы (8 775 955 77 34)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия pahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Салтанат ШЫРЫНХАН

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі)

Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарсын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2132;
Бағасы келісім бойынша
Айлық таралымы — 52 000 дана

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air-Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшықтарында бар.

Қоғам

Еуропалық сапада жиһаз шығаратын фабрика іске қосылды.

Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданында жылына 4 мың жиһаз шығаруға қауқарлы жаңа фабрика өз жұмысын бастады. Құны 506 млн теңге болатын жобаның 300 млн теңгесіне кәсіпкер «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы аясында қол жеткізген. Жаңа кәсіпорында 70 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.



Жиһаз фабрикасының жұмысымен танысқан облыс әкімі Ж.Түймебаев шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту, бұл ел экономикасы дамуының кепілі екеніне ерекше тоқталды.

«Жалпы өнеркәсіпті дамыту Елбасымыздың біздің алдымызға қойған міндетінің бірі. Бүгінде Сайрам ауданында қаншама тұрғынды жұмыспен қамтып отырған жаңа кәсіпорын ашылып отыр. Сонымен қатар фабриканың ашылуымен ауданның өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі де артатын болады. Сіздер өз сөздеріңізде фабриканың өнімі Италия жиһаздарынан кем болмайды дегендеріңіздей, «Сайрам сапасы» деген терминді қолданатындай дәрежеге жетіндер», — деген әкім кәсіпорынның жұмысына сәттілік тіледі.

Мұндағы өнімнің сапасы өте жоғары. Жиһаздар неміс және

итальяндық жабдық пен қазіргі заманғы материалды пайдалану арқылы әзірленеді. Сондай-ақ фабрика өнімдері сапа менеджменті мен экологиялық таза деген сертификатпен расталған.

«Кәсіпорын жұмысы енді басталды. Алдағы уақытта кәсіпорын



итальяндық дизайнерлердің қатысуымен экологиялық таза материалдарды және сенімді компоненттерді пайдалана отырып, тұтынушыға тек жоғары сапалы жиһаз ұсынуды жоспарлап отыр», — дейді кәсіпорын басшылығы.

Bella Mebel тауар белгісімен шығатын фабриканың өнімдерін алдағы уақытта еліміздің барлық аймағындағы жиһаз дүкендерінен сатып алуға мүмкіндік жасалмақ. Мамандар отандық жиһаздардың бағасы да қолжетімді болады деп сендіріп отыр.

Жалпы Сайрам ауданындағы өнеркәсіп құрылымының 86 пайызын өңдеу өнеркәсібі құрайды. Оның ішінде жиһаз шығару саласындағы үлесі 1 пайызды ғана құрайтын. Енді бұл көрсеткіш күрт өзгермек. Яғни жиһаз шығаратын фабрика өнім көлемін 600 млн теңгеге дейін арттырып, аудандағы өңдеу өнеркәсібіндегі үлесін 3 пайызға дейін ұлғайтпақ.

Айдар СЕЙДАЗЫМ,
Оңтүстік Қазақстан облысы

Отандық жиһаз

